Одним из священных мест Аягоза по праву является мазар Козы Корпеш - Баян Сулу, ставший символом вечной любви. А одноименная лиро-эпическая поэма XIII-XIV веков занимает особое место в фольклоре тюркоязычных народов. По словам исследователей, существует около 30 вариантов этой поэмы. К примеру, у башкир она называется «Кузыйкурпас и Маянхылу», у барабинских татар - «Козы Корпеш», у алтайцев - «Козы Эркеш».

Поэма «Козы Корпеш - Баян Сулу» была известна в устных вариантах в исполнении акынов Сыбанбая,

Бекбау, Жанака и Шоже. В письменном варианте наиболее распространены версии, записанные собирателями фольклора Г. Саблуковым (1831 год), Г. Дербисалиным (1834 год), А. Фроловым (1841 год), Ч. Валихановым (1856 год). На русском языке поэма была издана Михаилом Путинцевым в 1865 году, затем ее включили в третий том сборника Василия Радлова «Образцы народной литературы тюркских племен» (1870 год). Аналогов много, в них есть как схожести, так и отличительные черты. При этом ясно одно - содержание этой поэмы полюбилось многим.

Мавзолей Козы Корпеш - Баян Сулу - в числе древнейших памятников в Казахстане. Находится он в семи километрах к юго-западу от села Тарлаулы, на правом берегу реки Аягоз, в 11 километрах к западу от станции Тансык.

Общая высота мазара составляет 11,65 м, внутренняя высота от пола до зенита купола - 4,35 м. Толщина стены - 1,86 м. Первоначально объемная композиция мазара при квадратном плане (с внешней стороны 7,1х7,1 м, с внутренней 3,38х3,38 м) представляла собой четырехгранную пирамиду, образованную путем напуска рядов горизонтальной кладки и увенчанную фигурным шпилем.

Ряд ученых говорят, что мавзолей был построен в V-X веках, а некоторые предполагают, что этот памятник может принадлежать X-XI векам. В каком бы веке не был воздвигнут мазар, он сохранился до наших дней.

Это особенное место изучали многие. В том числе и археологическая экспедиция Академии наук Казахской ССР под руководством Алькея Маргулана.

До этого еще в 1856 году мавзолей и скульптуры рядом с ним были зарисованы Чоканом Валихановым. Большую ценность представляют сделанные им зарисовки стоявших у памятника каменных изваяний. Перед входом в мавзолей были попарно установлены четыре скульптуры, изображавшие, по народному преданию,

Козы Корпеша, Баян Сулу, ее младшую сестру и сноху. Эти данные подтверждают и воспоминания выдающегося писателя Мухтара Ауэзова. По его словам, в 1858 году мавзолей посетил этнограф Николай Абрамов. Он опубликовал историю Козы и Баян в журнале «Вестник», где также было сказано о четырех скульптурах. К сожалению, позже каменные изваяния исчезли.

«Одна из этих статуй была увезена в 1897 году немецким губернатором из

А Баян закалывает себя кинжалом на могиле возлюбленного. Такова история этого кинжала. Несмотря на то, что он давно исчез, легенда о нем живет по сей день.

## ЧТО ХРАНИТ В СЕБЕ ШОКТЕРЕК?

Как было сказано в поэме, жизнь Козы, который отправился в Аягоз в поисках своей любимой, обрывается в местности под названием Шоктерек. Когда еще он только собирался в путь, мать юноши Мамабике пыталась остановить его. Но разве Козы мог ее послушать? Он стоял на своем и заверил ее, что сможет преодолеть все препятствия. Так джигит и отправляется в до-

денных в 60-х годах в Пазырыкской долине Восточно-Казахстанской области.

Алькей Маргулан утверждает, что изображения на золотом поясе указывают на место встречи двух влюбленных - Шоктерек. Ведь, как сказано в поэме, спящего под тополем Козы Корпеша Кодар убивает выстрелом, а Баян Сулу находит труп своего любимого. На золотом поясе изображены пожилой человек, держащий узды двух коней, а также сидящая девушка, которая, приподняв на колени еще не остывшее тело молодого джигита, гладит его голову. Значит, сюжет поэмы «Козы Корпеш - Баян Сулу» создан в одно время с золотым поясом (в III-IV веках до нашей эры).

## КОЛОДЕЦ, ВЫРЫТЫЙ КОДАРОМ

Помимо мавзолей Козы Корпеш - Баян Сулу, в народе много говорят и о тайне колодцев, вырытых Кодаром. Легенда гласит, чтобы напоить девяносто тысяч лошадей Карабая, Кодар выкопал сорок колодцев. Есть сведения о том, что колодцев было 70.

Какже, Кодар не такой уж и неприятный и неграмотный человек, как можно было подумать. По мнению некоторых исследователей, он был мудрым и храбрым. Доказательством тому служат те самые колодцы. Известно, что девяносто тысяч лошадей поили, не черпая воду бадьей. Если так, то рядом с Кодаром были настоящие мастера копания колодца. Им удалось обеспечить выталкивание воды на поверхность и создать родник.

Секрет всего этого узнал журналист Кайым-Мунар Табеев от кандидата математических наук Каната Ахметова: «Язык природы - математика! Буквы этого языка - треугольник, дуга! А правила измерения участков земли вычисляются с помощью геометрии, которая является одной из ветвей могучей математики. Колодцы нужно выкапывать не подряд, а в форме треугольника. Сначала вы определяете направление движения воды. Затем по течению в трех местах выкапываются колодцы. Водный путь, который соединяется в трех точках, замыкается. Из одной образуется давление воздуха, из другой - давление воды, а из последней - извергается вода». В этом и кроется секрет колодцев, вырытых Кодаром.

Айман ШАРИПХАНОВА

## АЗИЛЬХАН НУРШАЙХОВ: ФРОНТОВИК. ПИСАТЕЛЬ. ЖУРНАЛИСТ.



Азил'хан Нуршаихов родился 15 декабря 1922 года в местности Келинсуейги Жарминского района. В возрасте восьми лет будущий писатель переехал с родителями в колхоз «Акбузат», где окончил семь классов школы. С детства он увлеклся литературой, писал стихи, которые публиковались на страницах районных, областных и республиканских изданий.

В начале Великой Отечественной войны 19-летнего Нуршаихова призвали на фронт. Молодой боец сразу проявил бесстрашие перед врагом и смекалку, и вскоре он уже командовал орудием 100-й стрелковой бригады. Фронтовик участвовал в боях на Калининском, 2-м Прибалтийском, 1-м и 2-м Белорусских фронтах.

В 2010 году было обнаружено уникальное стихотворное письмо Нуршаихова, написанное во время боев на Белорусском фронте коллегами из Жарминской районной газеты. В письме А. Нуршаихов обращается к друзьям с такими словами: «Ждите нас, верьте нам и знайте, что мы дойдем до Берлина, и что мы победим!»

Творческая жизнь Нуршаихова была тесно связана с журналистикой. После окончания Великой Отечественной войны он поступил на второй курс филологического факультета Казахского государственного университета, где посещал лекции знаменитого писателя и драматурга Мухтара Ауэзова. После окончания университета Нуршаихов работал в качестве редактора в газете «Социалистик Қазақстан» (сейчас - «Егемен Қазақстан»). В 1953-1956 годах Нуршаихов занимал должность редактора Павлодарской областной газеты «Кызыл ту», а с 1963 по 1965-й был главным редактором республиканской газеты «Қазақ әдебиеті» («Казахская

**ЖИТЕЛИ ЖАРМИНСКОГО РАЙОНА СВЯТО ЧТЯТ ПАМЯТЬ О СВОЕМ ЗЕМЛЯКЕ АЗИЛЬХАНЕ НУРШАЙХОВЕ. ВЕТЕРАН ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ, НАРОДНЫЙ ПИСАТЕЛЬ КАЗАХСКОЙ ССР, ПОЭТ, ЖУРНАЛИСТ, ЛИТЕРАТУРОВЕД ОСТАВИЛ СВЕТЛЫЙ СЛЕД В ИСТОРИИ РОДНОГО КРАЯ.**

литература»). С 1968 по 1973 год Нуршаихов проработал в издательстве «Казахская советская энциклопедия» на должности заведующего редакцией языка, литературы и фольклора. Впоследствии писатель занимал должность научного сотрудника Института литературы и искусства имени Мухтара Ауэзова.

Параллельно с плодотворной журналистской деятельностью Азил'хан Нуршаихов постоянно занимался литературным трудом. Постепенно формировался творческий стиль писателя, откликнувшегося на события, происходящие в родном Казахстане, много ездившего по стране, изучавшего жизнь людей. Азил'хан Нуршаихов стал мастером очерка, писал повести и романы, его произведения узнавали и ждали читатели.

Нуршаихов написал более 40 книг, в основном посвященных Великой Отечественной войне. Широкою известность литератор получил после публикации в 1976 году романа «Истина и легенда» о Герое Советского Союза и участнике битвы за Москву Бауыржане Момышулы. В 1979 году вышел роман о послевоенной жизни «Годы радости и любви», общий тираж которого составил 52 тысячи экземпляров.

Настоящую любовь и признание писатель Азил'хан Нуршаихов получил благодаря роману «Любовь и счастливые годы» (1970). Произведение привлекло художественным содержанием, продуманным сюжетом, системой построения образов, за которыми уже чувствовалась рука настоящего мастера. В романе поднимались темы чистой любви, безупречной дружбы, раскрывались коллизии человеческих отношений, говорилось о народных традициях и воспитании молодежи. Книга вышла тиражом 52 400 экземпляров и быстро была раскуплена. А читатели завалили письмами издательство «Жазушы» и республиканский издательский комитет с просьбой переиздать ее, что и было сделано в 1972 году: роман дважды был выпущен тиражом 60 тысяч экземпляров. В 1973 году «Любовь и счастливые годы» перевели на русский язык, и последовал новый тираж - 100 тысяч экземпляров.

Главный герой романа Азил'хана Нуршаихова - боец Ербол Есетов - вернулся с Великой Отечественной войны и поступил в университет. Воевал Ербол геройски: так, во время боя в блиндаж попал снаряд, и он, не растеряв-

шись, успел схватить его и вынести. Однако теперь, в мирное время, он не только герой, но и романтик, влюбленный в жизнь. Однажды Ербол нечаянно пролил чернила на белоснежный свитер девушки. Эта неловкость бравого фронтовика стала началом многих событий: он влюбляется в красавицу Ментай. Молодые люди учатся быть верными в дружбе, не отчаиваться и идти навстречу своему счастью, а главное - всегда оставаться достойными высокого звания Человека.

В число других произведений Нуршаихова входят серия очерков «По дорогам Казахстана» (1956 г.), «Истина и легенда», а также повести «Песнь любви» (1964 г.), «Золотая тропинка» (1967 г.), «Девять хвалебных песен» (1977 г.) и другие.

В 1985 году писатель инициировал создание Фонда воспоминаний ветеранов Великой Отечественной войны, деятельность которого была направлена на запись свидетельств о Великой Отечественной войне из первых уст.

Он быстро адаптировался к последним веяниям казахской литературы и казахской журналистики. Что бы он ни писал, он делал это так, чтобы удовлетворить потребности сегодняшнего поколения. Одна из особенностей Азил'хана Нуршаихова как писателя заключалась в том, что, несмотря на солидный возраст, он быстро освоил современные информационные технологии. Раньше он регулярно печатал, но под конец своей жизни пользовался компьютером. Знал механизмы новой техники. А фотоаппарат был спутником писателя-журналиста всю жизнь. Удивительно, но ровесники писателя не смогли быстро приспособиться к последним тенденциям, продолжая писать чернилами и пером. По скорости письма писатель не уступал ни одному из своих молодых коллег.

Азил'хан Нуршаихов считал литературу делом чести и гордости. Он смело проводил стилистические и жанровые исследования, создавая галерею типичных персонажей, идеально воплощающих человечность и настоящую любовь, способствовал формированию этических и нравственных взглядов через систему художественного мышления.

Он добился больших успехов в развитии своей авторской концепции в литературном процессе через монологи, диалоги, раскрывая образ

главного героя, используя в своих произведениях приемы психологии и лиризма. В эпоху современной глобализации, чтобы не потерять национальные обычаи и традиции, он неустанно пропагандировал в своих произведениях прекрасные качества нашей нации, сформировавшиеся веками; с гражданской точки зрения отреагировал на решение насущных человеческих проблем. Иными словами, Азил'хан Нуршаихов сумел успешно превратить свой жизненный опыт в произведение искусства, то есть найти сочетание документальной основы и художественного характера, чтобы по-настоящему связать эти две концепции.

Азил'хан Нуршаихов был лауреатом Государственной премии Республики Казахстан имени Абая и лауреатом литературной премии имени Александра Фадеева. В 2010 году Нуршаихов получил орден «Отан», а в начале 2011 года - президентскую Государственную стипендию.

В 2017 году в Центральном государственном музее Казахстана была открыта выставка, посвященная восьми крупным писателям, в том числе и Нуршаихову. В экспозиции были представлены личные вещи писателя, награды, портреты, афиши и иллюстрации к его произведениям.

В 2019 году в честь писателя была названа одна из улиц Семей.

Незадолго до своей кончины Азил'хан Нуршаихов понес эстафету на спортивном мероприятии Азиада-2011. Через несколько дней писатель скончался в больнице. Это стало огромной потерей для его родных, друзей, читателей и поклонников его таланта. С нами остались его книги - чистый родник казахской словесности, живая память о нем. Впоследствии в Алматы был открыт его мемориальный кабинет.

Сабит Досанов, заслуженный деятель РК, лауреат международных премий им. М. Шолохова и В. Пикаюла, после вести о кончине писателя из Восточного Казахстана сказал:

- Азил'хан Нуршаихов прошел свой жизненный путь как самоотверженный солдат, не щадя жизни для защиты своей Родины, как писатель, книги которого будут жить вечно, поскольку они призывают людей к любви и доброте, как Человек и Гражданин с большой буквы.

Бахыт САРСЕМБАЕВА



<https://vestisemey.kz>

E-mail: [gazetavs2002@gmail.com](mailto:gazetavs2002@gmail.com)

[info@semeytany.kz](mailto:info@semeytany.kz)

Директор Р.А. МОЛДАШЕВА

АДРЕС РЕДАКЦИИ: F18A5H3 г. Семей, ул. К. Мухамедханова, 12.  
Тел.: 52-36-57 (приемная); 56-08-03 (отдел рекламы и подписки); 52-07-34 (журналисты); телефакс: 52-04-75 (компьютерный центр).

Газета зарегистрирована в Министерстве информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации 05 июня 2025 года.

Регистрационное свидетельство № KZ78VU00121172

Газета набрана и сверстана в компьютерном центре ТОО "АВАИ АИМАК МЕДИА".

Отпечатана в ТОО "Печатное издательство агентство "Рекламный дайджест".

г. Усть-Каменогорск, пр. Абая, 20.

Объем 4 у.п.л. Периодичность - два раза в неделю.

За достоверность официальной информации, рекламы и объявлений редакция ответственности не несет. Рукописи не принимаются. Предоставленные материалы не рецензируются. Претензии по публикациям принимаются редакцией в течение месяца. Перепечатка и любое воспроизведение материалов и фотографий издания возможны только с письменного разрешения редакции.

ТИРАЖ ВЫПУСКА - 17 568 экз.





# SEMEI tañy



Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға үйреніп игермейнше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмесін.  
**Әлихан БӨКЕЙХАН**

№ 115 (19742) 28 қараша, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

**Берік Уәли:**

### ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ МАУСЫМДЫҚ НАУҚАН ЕМЕС

**Аймақ басшысы Берік Уәлидің төрағалығымен «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының өңірде іске асырылуы бойынша мәжіліс өтті. Жиынға басқарма басшылары, өңірлік департамент, республикалық ұйымдардың филиал жетекшілері қатысты. Аудан, қала әкімдері бейнережимде қосылды.**

Бағдарлама аясында атқарылып жатқан жұмыстар туралы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Теміржанов, облыстық Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы Өсет Өтепов, «AMANAT» партиясының Абай облыстық филиалының төрағасы Қанат Әділбай баяндама жасады.

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында өңірде жүйелі жұмыс атқарылып келеді. Облыста 44 іс-шарадан тұратын өңірлік жоспар бекітілген. Биылғы санитарлық-экологиялық екі айлыққа 349 мыңнан астам тұрғын, 15 906 ұйым және 6371 бірлік техника тартылды. 182 мың аула, 3055 парк пен сквер, 1315 ескерткіш тазартылып, 52 мың тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылды. Семей қаласында экологиялық бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында 1937 құдық бұзушылықты тіркеу камерасы жұмыс істейді. Көгалдандыру және абаттандыру бағытында да тиісті жұмыс жүргізілуде. Биыл Семей қаласында алғаш рет 75 мың ағашты толық түгендеуді қамтитын дендрологиялық жоспар әзірленді. Осы жылы қалалар мен аудандарда 70 511 түп ағаш отырғызылды. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында облыс аумағында полиция қызметкерлері күн сайын аумақтарды абаттандыру ережелерінің сақталуын бақылауға бағытталған рейдтік іс-шаралар өткізуде. Жыл басынан бері құдық бұзушылықтың 9091 дерегі анықталып, жалпы сомасы 74,6 млн теңге көлемінде айыппұл салынды. Сонымен қатар, аудандық жергілікті атқарушы органдарға рұқсат етілмеген қоқыс орындарын жою туралы 171 хабарлама жолданды. «Ғарыш Сапары» ғарыштық мониторингі нәтижесінде облыс аумағында 191 рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері анықталды. Оларды жою жұмыстары жүргізілуде. Мәжілісте қоқыс орындарына камералар мен тақтайшалар орнату, аялдамаларға қоқыс жәшіктерін қою, заңсыз қоқыс үйінділерін жою, ағаш егу шараларын тиісті деңгейде

жүргізбеген аудандарға бұл бағыттағы жұмысты ширату бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Жиында барлық қала-аудан әкімдері аймақ басшысына «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын жүзеге асыру барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Облыс әкімі мәжілісте «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында атқарылған шаралардың әлі де толық нәтиже бермей жатқанын атап өтті. Соған орай бұл бағыттағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыруды, тұрғындар арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, көп қабатты үйлерге қызмет көрсетуші компаниялар мен мердігерлердің жұмысын қатаң бақылауды, құрылыс нысандарын қоршау бойынша кемшіліктерді анықтап, шара қолдануды тапсырды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде «Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан» - бұл бір күндік науқан

емес. Бұл – біздің өмір салтымыз», – деп атап өткені баршаға мәлім. Президенттің бастамасымен қабылданған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасына облысымызда айрықша көңіл бөлініп келеді. Оны өңір тұрғындары жылы қабылдады. Бүгінге дейін экологиялық бағдарламаны жүзеге асыру бойынша 12 арнайы жиналыс өтіп, тазалыққа қатысты 102 хаттамалық тапсырма берілді. Алайда берілген тапсырмалар бүгінге дейін толық орындалмаған. Қардың жаууы тазалық жұмыстарын жүргізуді тоқтатуды білдірмейді. «Таза Қазақстан» деген жаздық сенбілік қана емес. Сол себепті аудан-қала әкімдері жұмысты дұрыс үйлестіріп, жолға қою керек. Өңірде тазалық жұмыстарын бір сәт те тоқтатмай қысы-жазы атқарылуы қажет. Атап айтқанда, қоғамдық орындарда, әлеуметтік нысандар аумағында, жаяу жүргіншілер жолы мен көп қабатты үйлердің ауласында қар уақытында шығарылып, қоқыс жәшіктері тұрақты тазартылып тұруы керек», – деді аймақ басшысы.

**Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі**



### ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

**Облыс әкімі Берік Уәли азаматтарды қабылдау орталығында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға облыстық басқарма басшылары, Семей қаласы әкімдігінің өкілдері қатысты.**

### ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ӘРАЛУАН



Жеке қабылдау барысында тұрғындар баспамен қамту, медициналық көмек көрсету, жолдарды жөндеу, кәсіпкерлікке грант беруге қатысты мәселелерді көтерді.

Көп балалы ана Меруерт Аймұратова Қарақалпақстаннан өзіне қажетті құжаттарды рәсімдеуге жәрдемдесу жөнінде өтініш білдірді.

Аймақ басшысы қабылдауда азаматтардың өтініш-тілектерін тыңдап, түйткілді мәселелерді шешу жолдарын заңдық тұрғыда түсіндіріп, тиісті басқарма басшыларына, қала әкімдігінің өкілдеріне нақты тапсырмалар берді. Тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтар мен көтерілген мәселелердің назардан тыс қалмайтынын, жеке бақылауында болатынын айтты.

«ST» - ақпарат

### ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАР ПОЛИГОНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

**Абай облысының әкімі Берік Уәли Семей қаласының іргесінде бой көтеретін қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының құрылыс алаңында болды. Мердігерлер аймақ басшысына маңызды нысанның техникалық параметрлері, жоспарланған қуаттылығы және құрылыс кезеңдері туралы баяндады.**

Құрылыстың түркіялық «Maximsan A.T.S ST» ЖШС жүргізетін болады. Жоба құны – 8 млрд теңге. Полигонның қатты тұрмыстық қалдықтарды қабылдау қуаттылығы – жылына 300 мың тонна. Сұрыптау цехының жылдық өнімділігі – 75 мың тонна.

«Осыдан 25 жыл бұрын Семейдегі көпірдің құрылысына да қатысқан едік. Енді, міне, тағы бір үлкен жобаны жүзеге асыруға кірісіп жатырмыз. Абай облысы әкімдігімен қол қойылған ынтымақтастық меморандумы аясында қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының құрылысын Семейден 16 шақырым жерде екі ай бұрын бастадық. 100 гектар аумақта әкімшілік-тұрмыстық корпус, сұрыптау ғимараты және басқа да құрылыстардың іргетасы қалануда», – дейді «Maximsan» компаниясының вице-президенті Мехмет Каплан.

Нысанды толық аяқтау және пайдалануға беру 2027 жылдың II тоқсанына жоспарланған. Аймақ басшысы құрылыс алаңын көріп, мердігерлерге жұмысты белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

«Бұл жобаның Семей қаласы үшін маңызы зор. Жаңа полигон іске қосылғаннан кейін облыс орталығындағы қалдықтарды басқару жүйесі жаңарып, экологиялық ахуал айтарлықтай жақсарды», – деді облыс әкімі.

Еске сала кетейік, биылғы тамыз айының соңында аймақ басшысы Берік Уәли мен «Maximsan A.T.S ST» компаниясының президенті Атилла Күршат Дикчи өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған болатын. Меморандум аясында Семей қаласындағы бірнеше көшелерге темір жол үсті көпірлерін салу, Мәңгілік Ел көшесі мен Бейбітшілік аралың жалғайтын жаяу жүргінші көпірін тұрғызу, Мақаншы және Аягөз аудандарында көріз-тазарту нысандарын, Семей қаласында қоқыс полигонын, Құнанбай көшесінен Шығыс кентіне дейінгі бағытта автокөлік және

жаяу жүргіншілерге арналған көпір салу, Семейдегі аспалы көпірді қайта жаңғырту, жаңа әкімшілік-іскерлік орталықта заманауи әкімшілік ғимараттар салу сынды бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жоспарланған. 1969 жылы құрылған «Maximsan» компаниясы Түркияда және шет елдерде халықаралық әуежайлар, қуатты жылу электр орталықтары, Түркия, ТМД елдері, Еуропа және Африка аумағындағы автомобиль жолдары, тоннельдер мен көпірлер, метро, теміржол жүйелері, қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны, әкімшілік ғимараттар, ауруханалар, мектептер мен балабақшалар сияқты ірі жобаларды жүзеге асырған.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ



### ФУТЗАЛ АКАДЕМИЯСЫ САЛЫНАДЫ

**Абай облысының әкімі Берік Уәли «EA GROUP HOLDING» компаниясының өкілдерімен кездесіп, Семей қаласында балаларға арналған футбол академиясын салу жобасын талқылады.**

Жоба аясында әлемдік стандарттарға сай жабық спорт кешені, оқу және медициналық блок, ашық алаңдар, демалыс аймақтары және 150 балаға арналған интернат бой көтереді. Академияда бір мезетте 400–500 бала спортпен айналыса алады.

Аймақ басшысы жобаның өңір спорты үшін маңызды екенін атап, әкімдік тарапынан қолдау көрсетілетінін мәлімдеді.

### САЯБАҚ ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛУДА

**Қарағайлы ықшам ауданындағы жаңа саябақта жайлылық пен қауіпсіздікті арттыру мақсатында жарықтандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.**

Қазіргі таңда жаяу жүргінші жолдары мен демалыс аймақтарына заманауи шамдар орнатылып, саябақ келбетіне ерекше көрік беруде.

Орналылып жатқан шамдар электр үнемдейтін, ұзақ мерзімге арналған LED технологиясымен жабдықталған. Бұл тек энергия шығынын азайтып қана қоймай, айналаны толық жарықтандыруға мүмкіндік береді.

Тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлы демалысын қамтамасыз етуге баса назар аударған мердігер компания жұмыстарды жақын күндері толық аяқтауды көздеп отыр.

Жаңа жарықтандыру жүйесі іске қосылған соң, Қарағайлы саябағы кешкі серуенге одан әрі қолайлы, отбасымен демалатын жанға жайлы орынға айналмақ.

### ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТТІ

**Семей қаласында дәстүрлі «Бірге! Бір толқында!» облыстық жастар форумы өтіп, жыл бойы белсенділік танытқан жас азаматтар марапатталды.**

Шараға облыс әкімінің орынбасары Мейірман Раханов қатысып, облыс әкімі Берік Уәлидің құттықтауын жеткізді. Форум барысында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға үлес қосқан үздіктер анықталды.

«Үздік жастар ресурстық орталығы» аталымында Бесқарағай ауданы жеңіске жетті. Семей қаласы мен Ақсуат ауданының жастар ресурстық орталықтарына арнайы сыйлық табысталды.

### АССАМБЛЕЯНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ

**Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» атты қорытынды форумы өтті. Шараға өңірлер онлайн қосылып, Ішкі саясат басқармасының өкілдері, ҚХА мүшелері, этномамәдени бірлестіктердің жетекшілері және жастар қатысты.**

Форумда Ассамблеяның 30 жылдық жұмысы сараланып, этносаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты нығайту бағытындағы тәжірибе мен бастамалар талқыланды.

Абай облыстық ҚХА ғылыми-сараптамалық тобының төрағасы Айрат Базенов Ассамблеяның ел бірлігін сақтаудағы рөліне тоқталып, әр ұлттың мәдениеті мен тілін дамытуға жасалған жағдайдың маңызын атап өтті.

Форум елдегі бейбітшілік, татулық және азаматтық келісім қағидаттарының өзектілігін тағы бір мәрте айқындады.

«ST» - ақпарат

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҰРЫП ЖАТЫР ■ ПОДПИСКА НА ГАЗЕТЫ

SEMEI tañy

БІЗДІҢ БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАҢА АҚСАМЕЙ

НАШ БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАНА СЕМЕЙ СЕГОДНЯ

ЖАҢА УАҚЫТ

НОВОЕ ВРЕМЯ

2026



## ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақтың кең даласы талай тұлғаларды тудырған. Күнделікті өмірде біз көбінесе көзге көрінбейтін, өз еңбегін мақтаншы үшін жасамайтын, бірақ шын мәнінде үлкен істерді тындырып жүрген қарапайым адамдарды байқамай жатамыз. Олардың әр әрекеті жанға жылу сыйлап, қоғамға сенім мен үміт оятатынын көрсек те, елеусіз қалып жатады. Осындай қарапайым адамдардың шынайы тұлғалық қыры мен жүрек жылуын бағаламай өту үлкен қателік болар еді. Сондай азаматтардың бірі – Шұбартау өңірінен шыққан Әділжан Өнербаев.

Талай адамның өміріне араша болып, елге қызмет етіп келе жатқан бұл әулеттің бірнеше буын өкілі өңірге, ауылдастарына өнегелі, құрметті. Ерлі-зайыпты дәрігерлер Әділжан Өнербайұлы мен Қамария Юсупқызы 1965 жылы Семей медицина институтын тамамдады. Жас жұбайлар қол ұстасып бұрынғы Шұбартау ауданының орталығы Баршатау ауылына бет алған... Осы өңірде еңбек жолдарын бастаған олар өздерінің кәсібін ауылды өркендетуге арнап, көп жылдық адал еңбегімен халықтың сенімін жаулап, өңірге белгілі дәрігерлерге айналды. Ерлі-зайыпты дәрігерлердің үлкен қалаларға барып өздерінің біліктілігін көрсетуге де мүмкіндіктері болды. Бірақ олар өздерін маман етіп қалыптастырған елді ешбір жұмаққа айырбастамады. Қиын да жауапты мандықтың қыр-сырын меңгере жүріп, науқастарға жанашырлықпен қарауды үйренген олар өмір бойы бір-біріне қолдау болып, ауылда жүріп-ақ тәжірибелерін шыңдады, үйренгендерін ұрпақтарына да жеткізді.

Дұрыс адам болып қалыптасу үшін отбасында берілген тәрбиенің алар орны бөлек. Отбасылық құндылықтар бұл әулет үшін ерекше маңызды. Олар тек медициналық біліммен шектелмей, бала тәрбиесі мен моральдық принциптерді де үйлестірді. Адал болуды, отанға деген сүйіспеншілікті, жауапкершілік пен адалдықты балаларының бойларына сіңіріп өсірді. Міне, дәрігерлік дәстүр мен отбасы құндылықтары қатар ұштасқан бұл әулет – қоғам үшін нағыз үлгі.

Әділжан Өнербайұлының қызметтегі ұстанымы мен адамдармен қарым-қатынасы қарапайым адамдарға үлгі болатындай. «Олар кез келген қиын сәтте науқастардың жанында болып, толық жазылып кеткенше бақылауында ұстайтын», - дейді көзін көріп,

**Адам өмірін сақтау – әр дәрігердің асыл борышы. Ал кейбір отбасылар үшін бұл тек кәсіп қана емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан миссия. Бүгін біз сөз еткілі отырған дәрігерлер династиясы - сол құндылықты қастерлеп, адами қасиеттерді жинақтаған тектілер әулеті. Бұл әулет үшін медицина тек мамандық емес, отбасылық дәстүр, адамгершілік пен жауапкершілік. Олар бір-бірінен үйрену арқылы мамандықтарын жетілдіріп келе жатқан әулет. Олар бір-бірінен қолдау тауып келе жатқан үлгілі отбасы. Олар өмір бойы білім мен тәжірибелерін дамытуда қоғамға шынайы көмек көрсетіп келе жатқан әулет.**

## ДӘРІГЕРЛЕР ДИНАСТИЯСЫ



бірге қызметтес болғандар. Әр аман қалған өмір – адал еңбегінің айқын дәлелі.

Әділжан Өнербайұлы – хирургия саласында 11 мыңнан астам ота жасап, мыңдаған адам өмірін арашалаған білікті маман болған. КСРО денсаулық сақтау саласының үздігі атанып, еркін күрестен КСРО спорт кандидатына үміткер болған, салауатты өмір салтын мұрат еткен жан-жақты тұлға еді. Шұбартау аудандық ауруханасын 40 жылға жуық басқарған Әділжан Өнербайұлы әріптестеріне қатал талап қойса да, науқастарға мейірімді болды, әр ісіне жауапкершілікпен қарады. 2017 жылы өмірден өткеннен, артында қалдырған өнегесі ұрпаққа үлгі болып, жерлестері әрқашан еске алып отырады.

Әулеттің алтын дінгегі Қамария Юсупқызы – терапевт дәрігер болып ұзақ жыл қызмет етті, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі. Өмірлік серігінің қызметін алаңсыз атқаруына барлық жағдайды жасап, қара шаңырақтың жылуын сақтай білді, ұрпағына тәлімді тәрбие берді. Қамария Юсупқызы әлі



күнге дейін отбасының берекесін сақтап, ұрпаққа өнеге болуда.

Әке мен ана жолын жалғаған Әділжан Өнербайұлы мен Қамария апайдың ұрпақтары да бүгінде елге адал қызмет етуде. Сәуле Өнербаева С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Ішкі аурулар орталығының бас дәрігері ретінде өз ісін барынша жауапкершілікпен атқарып, білімін жастарға үйретуде. Марат Өнербаев – Ауған соғысының ардагері, тәжірибелі хирург, бүгінде Баршатау ауылдық ауруханасының бас дәрігері. Ауылдағы денсаулық сақтау саласының дамуына өзіндік үлесін қосып, халықтың сеніміне ие болып жүрген дәрігер. Ал Қайрат Өнербаев мемлекеттік қызметте, бас маман, әкесінен дарыған табандылық пен еңбекқорлық қасиетін өмірлік ұстанымына айналдырған. Берік

Өнербаев Семей қаласында темір жол саласында қызмет атқарады. Ол да әулет дәстүрін бойына сіңіріп, еңбекқорлық пен жауапкершілікті бірінен биік қояды. Ортасына сонысымен де сыйлы.

Әулеттің кенжесі 1978 жылы дүниеге келген Асхат – Қазақ қаржы академиясын және Қазақ заң академиясын тамамдаған. Асхат прокуратура органдарында қызмет етіп, кейін «Асхат» шаруа қожалығын басқарды. 2023 жылдан бастап Баршатау ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді. Асхат Әділжан әулет дәстүрін жалғап, отбасының бірлігін, жергілікті қоғамға қызмет ету жолын дәрменді етеді.

Бұл әулеттің ерекшелігі – әрбір мүшесі өз өмір жолында табысты, бірақ олардың бәрі бір мақсатқа қызмет етеді: адам өмірін сақтау, елге адал

қызмет ету, отбасы құндылығын биік ұстау. Бес баланың тәрбиесі, тоғыз немеренің үлгі алуы, әр ұрпақ өз жолын тандаса да, отбасы дәстүрін сақтау – осының бәрі әулеттің берекесі мен рухани қазынасы.

Дәрігерлік дәстүр ата жолын жалғау, елге адал қызмет ету, адамның өмірін қадірлеу арқылы ұрпаққа үлгі көрсету болса, мемлекеттік қызмет қоғамға пайда әкелу, елдің дамуына үлес қосу, халықтың тыныштығын сақтау болып табылады. Отбасылық құндылықтар мен адал қызмет ету бір-бірімен тоғысқан бұл әулет – айналасына шынайы үлгі.

Отбасылық құндылықтарды сақтау және нығайту – ата-ананың міндеті. Ұрпақтарын тату, бауырмал етіп тәрбиелеп, олардың ерқайсысын қоғамға пайда әкелетін азамат етіп өсіру – нағыз отбасылық құндылық. Бұл ретте Өнербаевтар әулеті – тек Шұбартау мен Аягөздің ғана емес, бүкіл өңірдің мақтаншы. Олардың тарихы – бір отбасының ғана емес, тұтас бір қауымның тарихы. Әр мүшесінің өмір жолы бөлек болғанымен, жүректері ортақ бір ұғымға қызмет етеді: отбасы мен ұрпаққа өнеге қалдыру, қоғамға адал қызмет ету, адамға жақсылық жасау.

Бүгінгі таңда бұл әулет өз миссиясын жалғастырып, ауыл мен өңірдегі денсаулық сақтау, мемлекеттік қызмет және қоғамдық өмірдің әр саласына үлес қосуда. Отбасылық құндылықтарды сақтау – әулет үшін басты ұстаным. Әр ұрпақ ата-анасынан көрген еңбекқорлықты, жауапкершілікті, мейірімділікті бойына сіңіріп, оны өз өмірінде басшылыққа алып жүр. Бұл әулеттің үлкені Әділжан Өнербайұлының қалдырған ең үлкен мұрасы – адамдарға деген құрмет, елге адал қызмет ету. Осындай әулеттер барда қазақ елінің рухани тұғыры мықты, дәстүрі тірі.

**Дәрігерлер династиясы – тек медициналық кәсіпті ғана емес, отбасылық құндылық пен адамгершіліктің символы. Мұндай әулеттер – қоғам үшін баға жетпес қазына, ал олардың өмірлік миссиясы ұрпаққа үлгі болып қалады. Денсаулық сақтаудағы кәсібилігі мен отбасылық дәстүрін біріктірген Өнербаевтар, шын мәнінде, халықтың сенімін арқалаған әулет.**

Роза ПУШПАҚОВА

## ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

ҚАНАТЫМЕН СУ  
СЕПКЕН ҚАРЛЫҒАШТАЙ

**Қоғамда гендерлік теңдік туралы көп айтылады. Бірақ бұл ұғымның шынайы мәнін ешқандай теория дәлелдеп бере алмайды – оны тек өмір көрсетеді. Қазақстанның әр өңірінде ерлермен қатар жауапты лауазымдарда табандылықпен қызмет етіп, мемлекеттік басқаруда тұрақты нәтижелер көрсетіп келе жатқан әйелдер аз емес. Солардың бірі – Аягөз ауданы әкімі аппаратының басшысы Қарлығаш Рысбекқызы.**

1967 жылы Аягөз қаласында дүниеге келген Қарлығаш Рысбекқызының еңбек жолы – нәзік жанның мемлекеттік қызметінің ауыр жүгін қайыспай көтере алатынының айқын айғағы. Кейіпкеріміз еңбек жолын қарапайым оқытушылықтан бастап кейін заңгерлікке бет бұрды. Мамандығын меңгеріп, заң саласында тәжірибесін қалыптастыра жүріп, аудандық әкімдік құрылымында түрлі жауапты қызметтерді атқарды.

1990-жылдары заңгер-кеңесші болып басталған жолы кейін мемлекеттік қызметке жалғасып, ұйымдастыру-кадрлық бөлімнің жетекші маманы, бөлім басшысы, заң бөлімінің меңгерушісі, одан кейін аппарат басшысы қызметтеріне дейін өсті. Бұл кездейсоқтық емес – табандылықтың, кәсіпке адалдықтың, талапшылдықтың нәтижесі.

Елімізде гендерлік теңдік саясаты заңдарда бекітілгенімен, ең маңыздысы, оның күнделікті қызметте жүзеге асуы. Қарлығаш Рысбекқызы секілді азаматтар осы саясаттың қағаз жүзінде емес, нақты өмірде орындалып жатқанын дәлелдейді. Оның 34 жылдан астам жалпы еңбек өтілі, 25 жылдан астам мемлекеттік қызметте тәжірибесі бар.

Бүгінгі таңда әйелдер көбіне әлеуметтік салаларда еңбек етеді деген түсінік елі де бар. Алайда Қарлығаш Рысбекқызының ұзақ жылдар бойғы басшылық қызметтері осы стереотипті бұзып отыр. Әкімдік аппараты – ауданның стратегиялық шешімдер қабылданатын орталығы. Бұл жерде басқару, ұйымдастыру, құқықтық қамтамасыз ету, кадрлық саясат, мемлекеттік тәртіп пен жауапкершілік – бәрі бір арнаға тоғысады. Осындай құрылымды басқарып отырған әйел – гендерлік теңдік саясатының ең пәрменді мысалы.

Қоғамдық көзқарас та өзгеріп келеді. Әйелді «отбасы айналасында ғана жүреді» деген ескі түсінік орнына «кәсіби білікті, басқару қабілеті мықты, қоғамға қажет тұлға» деген жаңа көзқарас қалыптасуда. Қарлығаш Рысбекқызы – осы жаңа парадигманың өкілдерінің бірі. Ол – өз өмірін мемлекеттік қызметке, қоғамға, еңбекке арнаған жан. Оның тағдыры әйелдің бақыты мен қоғамдағы орны әртүрлі формада болатынын дәлелдейді, бастысы, адам өзінің таңдаған жолында табанды болуы.

Гендерлік теңдік дегеніміз – әйелдер мен ерлердің мүмкіндігін теңестіру ғана емес. Ол – әр азаматтың әлеуетін ашуға жағдай жасау. Қоғамда әйелдің қабілеті бағаланса, кәсіби өсуіне жол ашылса, мемлекет те сапалы түрде дамиды. Өйткені басқару мен шешім қабылдаудағы әртүрлілік шешімдердің тиімділігін арттырады. Қарлығаш Рысбекқызының еңбек жолы – осының нақты дәлелі. Ол гендерлік теңдік ұғымын ұранға емес, шындыққа айналдырып отыр. Қоғамның өркендеуі үшін ер мен әйелдің бәсекелес болуы емес, бірін-бірі толықтырып, бірге ілгерілеуі маңызды. Қарлығаш Рысбекқызы сияқты тұлғалар қазақ әйелдерінің қайсарлығын, білімін, жауапкершілігін және мемлекеттілікке деген адалдығын айқындайды.

Мемлекеттің дамуы үшін әрбір азаматтың әлеуеті толық ашылуы керек. Гендерлік теңдік – саясаттың талабы емес, қоғамның қажеттілігі. Ал өзінің еңбек жолы, адалдығы мен табандылығы арқылы биікке көтерілген қазақ әйелдері сол қажеттілікті өз ісімен дәлелдеп жүр.

Қарлығаш Рысбекқызының өмір жолы – қыздарға, әйелдерге және жалпы қоғамға сенім сыйлайтын шынайы өмірлік сабақ.

Р.МАУЫЛХАНҚЫЗЫ

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

**Аягөз ауданының спорт саласы биыл жаңа белеске көтерілді. Бұл жыл аймақтың спорт тарихында тек жарыстардың көптігімен емес, олардың тәрбиелік, патриоттық және қоғамдық маңызымен де есте қалды. Әсіресе Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған сайыстар аудан жастарының бойына рух, ерік-жігер және ұлттық намыс дәнін септі. Бір жыл ішінде өткен түрлі спорттық турнирлер ауданды нағыз спорт орталығына айналдырды.**

## АЯГӨЗ СПОРТЫНДА СЕРПІЛІС КӨП

Аудан орталығы Аягөз қаласында сәуір айында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналып ағайынды Измайлұтардың эстафетасы өтті. Бұл шара ерлік пен азаматтық борыштың мәңгілік екенін ұрпаққа жеткізудің символына айналды. Эстафетаға қатысушылар соғыс жылдарындағы бауырмалдық пен бірлікті бүгінгі бейбіт күнмен сабақтастырып, жатығулар кезінде де, жарыстарда да майдангерлердің, сол қиын кезеңдегі адамдардың қаһармандығын сезінді.

Сәуірдегі бастама мамыр айындағы спорттық шараларға жалғасты. Мамыр айында дене шынықтыру ұжымдары арасында өткен ашық баскетбол турнирі жыл сайын кеңейіп келе жатқан спорт қауымдастығының одан әрі біріктірілді. Бұл жолғы турнир де жоғары деңгейде ұйымдастырылып, кәсіби және әуесқой спортшылардың шебер ойынымен шынайы тартысқа айналды.

Сол күндері, яғни 10–11 мамырда, Аягөз қаласында балалар, жасөспірімдер және жастар арасында панкратионнан дәстүрлі және элиталық дивизиондар бойынша ашық біріншілік өтті. Панкратион – күш, төзімділік және техникалық шеберлікті талап ететін ежелгі спорттың бірі. Оған қатысқан жастардың дайындығы, кездесулердің қарқыны мен тартысы Аягөздегі спорттық ортаның дамып келе жатқанын айқын көрсетті.

Аудан спортшыларының белсенділігі тек жастармен шектелмейді. Білім беру саласының қызметкерлері арасында ұйымдастырылған еркін күрестен спорт шебері, ардагер педагог Т.Оспановтың жүлдесіне арналған волейбол жарысы мұғалімдердің тек білім берумен ғана емес, дене шынықтыру мен салауатты өмір салтын насихаттауда да үлгі екенін дәлелдеді. Ұстаздардың алаңдағы ойындары өзара ұйымшылдық пен командалық рухтың нақты көрінісі болды.

Ал маусым айының басында оқушы қыздар арасында өткен футбол жарысы ауданда жас буын арасында қыздар спортын дамытуға ерекше мән беріліп отырғанын көрсетті. Бұл бұрын тек ер балалар спорты деп саналатын футболда қыздардың да шеберлік танытып, аудан намысын қорғауға дайын екенін дәлелдеген жарыс болды.

Жаз бен күздің тоғысында Аягөз



тағы да үлкен спорттық орталыққа айналды. 12–13 қыркүйек күндері қалада дәстүрлі садақ атудан Қазақстан Кубогы ұйымдастырылды. Ұлттық спорттың мәртебесін көтеретін бұл жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен спортшылар келіп қатысты. Садақ ату – дәлдік пен сабырдың символы, ал Аягөз топырағында оның өткізілуі қазақы болмыстың, ұлттық рухтың биіктігін паш етті.

Қыркүйек айы бокс спортындағы ірі оқиғамен жалғасты. Қазақстан Республикасының алғашқы сыртқы істер министрі, Аягөз ауданының Құрметті азаматы Телеутай Сқақұлы Сүлейменовтың жүлдесіне арналған 2009–2010 жылдары туған жасөспірімдер арасындағы халықаралық турнир Аягөздің спорттық беделін бірнеше елге танытты. Жас боксшылардың тартысты кездесулері осы өңірден де болашақ чемпиондардың шығатынын айқындап берді.

26–27 қыркүйек аралығында аудан тұрғындары арасында өткен футбол жарысы спорттың бұқаралық деңгейін тағы да көрсетіп берді. Бұл жарысқа ауылдардан да, аудан орталығынан да командалар қатысып, Аягөз жұртының спорттағы белсенділігін дәлелдеді.

Бозай ауылында өткен жасөспірімдер және аудан тұрғындары арасындағы тоғызқұмалақтан XIV ашық біріншілік – жылдар бойы үзілмей келе жатқан ұлттық интеллектуалдық дәстүрдің көрінісі. Тоғызқұмалақ ойыны логика, ой ұшқырлығы және стратегиялық ойлауды дамытатын қазақ халқының құндылығы ретінде жас буын арасында қайта жаңғыртылып келеді.

Қазан–қараша айларында Аягөз ауданы әкімінің жүлдесі-

не арналған кешенді спорттық жарыстар өтті. Жыл бойғы спорттық шаралардың қорытындысы іспетті болған бұл ауқымды шараға әр ауыл мен мекеме спортшылары белсенді қатысты.

Ал 20–24 қараша күндері Олимпиада ойындарының қатысушысы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жерлесіміз Нұрлан Қойжайғановтың атындағы грек-рим күресінен жасөспірімдер арасындағы дәстүрлі облыстық турнир өтті. Жарысқа облыстың бірнеше ауданынан 60-ға жуық жас спортшы қатысып, тоғыз салмақ дәрежесінде бақ сынады. Жерлес чемпионның құрметіне өткізілген бұл турнир жас балуандарға үлкен жігер беріп, күрес мектебінің Аягөзде өлі де мықты екенін көрсетті.

Бір жыл ішінде өткен осындай ондаған жарыс – Аягөз ауданының спортқа деген ықыласының, жастарды тәрбиелеудегі қарымының, денсаулықты нығайту мен қауымдастықты біріктірудегі күштің көрінісі. Әр турнир – тек жарыс емес, тәрбие, достық, рухани және ұлттық болмысқа қызмет ететін орта. Жеңістің 80 жылдығы аясында басталған спорттық серпіліс ел мен елді, аға буын мен кейінгі буынды жақындастырған үлкен қозғалыс болды.

Аягөз бүгінде тек тарихымен ғана емес, спорттағы жеңістерімен, жоғары деңгейде ұйымдастырылған жарыстарымен, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесімен де мақтана алатын аймаққа айналды. Спорт арқылы дамуың жаңа биігіне бет алған ауданның бұл қарқыны алдағы жылдары да жалғасары анық.

Еркежан ҚАЙСА



# АҒАЛЫҚ ҚЫЛҒАН АБЫЗЫМ

**Берік УӘЛИ**

Нес-ағамның аққуға айналған жаны жеті қаттан асып ұшып, мәңгілік мекеніне қанат қағып кеткеніне де қырық күн толыпты. Қазанның қара аспанын қақыратып, жай түскендей болған суық хабарға илана алмай, жақсы ағаның арамьыздан аттанғанына сенгіміз келмей есеңіредік.

Бір күні есікті шалқасынан ашып, «Ей, жүгермектер, не айтып жүрсіңдер? Мен Тарбағатай жаққа барып құс салып келдім емес пе!» деп кіріп келетіндей елегізіп жүрдім. Бірақ пенденің дегені болсын ба? Тағдырдың атылған оғы адырнаға қайта салынбайды. Өу баста теңселе жоқтаған қормал ел, ардақты Алаш жұртының жұбатымен көп істің байыбына бара алмаппыз. Қаралы қауым тарап, құсалы кеуде дәтке қуат дегенде қандай асылдан айырылғаныңды білесің. Уақыт жылжыған сайын көңіл шіркін қоңылтақсып, жан дүниенің мүқамалы жоқ үйдей қаңырап тұрғаны. Бойыңды мөңдеткен осы хал – ағаның ақ дидарын көрмегеннен, етегіне оралып еркелемегеннен екен...

Әлқисса, аталы сөзге әуес, өнерге үйір болған бала кезімізден-ақ Нес-ағаның есім-сойына қанық болдық. Сонау қиырдағы алақандай ғана Ойшілікке Алматының аңызға бергісіз әңгімелері еміс-еміс жетіп тұратын. Мұқым шығыс өңірінен шыққан арқар мүйізді алып қаламгерлерімен қатар өртейі қаулаған қара өлеңнің иесі Несіпбек Айтұлының аты да мөш-нүр болған кез. Алғашқы кітабына ақиық Мұқағали Мақатаевтың өзі ақ лебізін білдіріп, ақжол тілепті деп ауылдастар жыр қылып жүрді. Газет-журнал жете қалса, «Шұбартаудың шалқұйрығы өлең жазды ма екен?» деп асыға ақтаратынбыз.

Есейе келе, ертегідей Алматы шаһарына да табанымыз тиіп, білім алдық. Көзіміз көрмесе де көкірегімізде бейнесі жатталып қалған дегдарлармен дидар-ғайып болу бұйырды. Бірақ 2001 жылы Нес-ағамыз Қараөткелге қоныс аударып кеткендіктен етене араласа алмадық. Осы уақыт мені ағамның сом алтындай кесек туындыларына қанықтырып, рухани сырлас іні болуға дайындай түскендей.

Ақырындап ел ісіне араласып, Астанада тұрақтаған соң біздің шынайы таныстығымыз басталды. Бұрын жиын-тойларда, шығармашылық кештерде жиі ұшырасып жүрсек, енді қаршығадай қалғыз аға өз бауырына тартты. Нес-ағаны арқа тұтып, өнегесін тыңдап, тауып айтатын тапқыр сөзіне сүйініп жүрдік.

2010 жылдың басы. Ағамыз 60 жасқа толған торқалы тойы қарсаңында үйіне қонаққа шақырды. Етің астырып, көңілі марқайып, жүзі бал-бұл жанып отыр екен. Дастарқан басында кенішті көкірек келісті әңгіменің тиегін ағытып, өткен-кеткенді қозғап, өлең оқып отырды. Мерейлі жасқа тың жеткенін, іштей шығармашылық зар-күйіне келіп, жаңа биікке қарай ұшып бара жатқанын сөздік. Ас қабырылып, аяқ жинала бастағанда Нес-ағам болмашы ырғалып қойып, сөз бастады.

– Әй, Берікжан! – деді дауысы саңқылдап. – Сен бөтен емессің. Өзіміңді екі туып, бір қалған туған бауыр, ет-жақынмысың. Қазір «Бетпе-бет» хабарын жүргізіп, құдайға шүкір, есіміңді ел-жұртың біледі. Міне, Биыл мына жаман аға алпыс деген арғымаққа мініп отыр. Сен ағана қолғабыс етіп, осы тойдың бір жағынан шығыс! – деп қолқа салып, тойдың тізгінін ұстатты. Жауапкершілігі ауыр жұмыс болса да кеудемді бір жылы ағыс шарпып өткендей болды. Бостандық жырының бозжорғасы саған сеніп жүк артып тұрса, белің қайысса да көтерудің өзі ғанибет емес пе?! Дүбірлі тойға білек сыбанып, құлшына кірістік. Қолымыздан келгенің бәрін жасауға бар күш-жігерімізді салған болдық. Ақынның ақ байрағын желбіретіп, қара өлеңнің мерейін көтерген естен кетпес той өтті.

Біздің басымыз Астанада түйіссе, аталарымыздың жолы сонау Тарбағатайдың тарғыл белдерінде тоғысыпты. Нес-ағамның да, менің де атам – құс баптап, бүркіт салған жан-дар. Атам Құрманғали мен Айт ақсақал үзегіңіс жолдас, асықты жілік ұста-сып сыйласқан дос болыпты. Соңына нәкер ертіп, қолына құс қондырып, салтанатты саятшылық ғұмырды қатар кешіпті. 2019 жылы туған ауылым Ойшілікке барып, мектептегі ұш сыныпты қажетті құралдармен жарақтан-

**Белгілі ақын, мемлекеттік сыйлықтың иегері Несіпбек Айтұлына арналған бұл естелік-эссе 2023 жылы 25 қарашада «Айқын» газетінде жарық көрген болатын. Ақынның 75 жылдығына орай қайыра басып отырмыз. Осы орайда биылғы 30 қарашада Семейдегі «Ес-Аймақ» рухани орталығында, Несіпбек Айтұлының туғанына 75 жыл толуына орай, «Сәуле ғұмыр» атты ақынды еске алу кеші өтетінін хабарлаймыз.**

дырып, игі іс жасап едік. Сондай салиқалы сапардың болғанын Нес-ағаңа әңгімелеп берген болатынмын. Ағаның көңілі босап, қатты тебіренді. Көп ұзамай бозжорға қаламынан:

Айналған өз тұсында аты аңызға,  
Құс салған екеуміздің атамыз да.  
Шын болса атамыздың аңшы екені,  
Кеміріп ақ қағазды жатамыз ба?  
Бар ма екен аталардан  
қымбат адам,  
Көктедік солар берген мың  
батадан.  
Қондырып қолға қыран  
көрмесек те,  
Шошайып шықпаймыз ба қырға та-  
ман? – деп басталатын керемет өлең  
туды. Осы бір ғана өлеңге атамыздан  
бізге дейінгі тұтас дәуірді сыйдырып,  
есектікіш орнатып кетті. Бұл өлең ақе-  
діл ағаның інісінің мойнына көзімдей  
көр деп ырымдап таққан бойтұмары  
деп білемін.

Иә, Нес-ағаммен дидарласқан әр сөттің өзі бағалауға тұрарлық. Бірде қайынағам Бақәділмен бірге моншаға бара қалсам, КСРО-ның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қазақтың аса көрнекті композиторы, профессор Еркеғали Рахмадиевті қолтықтап парға кіргізіп, ағасына інілік ізет көрсетіп, Нес-ағам да сонда жүр екен. Мені қастарына шақырып алды. Ой мен қырдан неше түрлі әңгіме қозғап, желпініп отырған бір сәтте, Еркеғали аға Нес-ағаға:

– Әй, Несіпбек, ертең мен де өлермін, сайтан емеспіз ғой, сен сонда мені қалай жоқтайсың? – демесі бар ма?!  
Нес-аға іркілместен:  
– Халқым деп көкірегің қақыраған,  
Өмірден сен де өттің-ау,  
батыр ағам.  
Жұтпаған қай жақсыны сұм  
жалғанда  
Жалмауыз ажал деген аты жаман»,  
– деп суырып салды. Еркеғали аға мәз болып, рахаттанып бір күлді.

Кейін Еркеғали Рахмадиев ағамыздың да кесімді күні жетіп, бақиға аттанды. Мен «Егемен Қазақстан» газетін қарап отырып, Нес-ағаның баяғы моншада айтылған бір шумақ өлеңі ары қарай өрбіп, «Елінің еркесі едің, серкесі едің» деген тақырыппен, Еркеғали ағасына арнап жазған қаза жырын тауып алдым. Қазанаманы оқып болып, ағалардың тірліктегі сыйластығы мен қимастығы саналы жастарға ой салатынына көзім жетіп еді. Нес-ағаң бізге аға болғанымен, өзі де біреуге іні екенін көрсете білді.

Нес-ағамның 70 жылдық мерейтойы пандемияның кесірінен уақытында өтпейтін болды. Ақын Ербол Алшынбай бауырымды жанымға ертіп, ат-шапанымызды алып үйіне құттықтай бардық. Балаша мәз болып, құшақ жайып қарсы алды. Өдетінше былқытып ет астырып, сары қымызын сапырып отыр екен. Жаңа жазған жырларын оқып, көкейінде қордаланған көп әңгімені ақтарып отырған.

– Берікжан! – деді кенет қазан-ошақ жақта ас-ауқат әзірлеп жүрген келініне қарап, – мына келінімің ай-күні толып отыр. Атасына шекесі торсықтай ұл сүйдірмек. Есіміне сенің атыңды қоямыз, – десін.  
– Япырай, Нес-аға! Сөзіңіз аузыңызда, сауға, – дедім енді болмаса азан шақырылып кетердей абдырап.  
– Аға, біз әлі жаспыз, үлкендердің жалғасымыз ғой, балаға менің атымды емес, әкемің атын қойсаңыз қалай болады?

Ағам риза болғандай басын шұлғып, осы сөзге келісіп уағдаластық. Кейін, айтқандай, немересінің атын Уәли қойды. Атустарға тайымызды атап, шілдеханасына барып тағы бір арқа-жарқа болып қайтқан едік...

Осылайша, Есіл бойындағы есіл күндер бірінен кейін бірі алмасып сырғып жатты. Ағаның ақжайлаудай үйін-



## АТАМ ЖҮР ТҮСІМЕ ЕНІП (Берік УӘЛИГЕ)

**Айналған өз тұсында аты аңызға, Құс салған екеуміздің атамыз да. Шын болса атамыздың аңшы екені, Кеміріп ақ қағазды жатамыз ба?**

**Бар ма екен аталардан қымбат адам, Көктедік солар берген мың батадан. Қондырып қолға қыран көрмесек те, Шошайып шықпаймыз ба қырға таман?**

**Мінбеген жан емеспіз атқа бұрын, Көшеде жүреміз бе таптауырын? Бүркіті түлкі бүрген атақ құсап, Сен де бір бүрқыратып шап, бауырым!**

**Армансыз атамыздай күн кешірмей, Өмірден өтеміз бе бір кесілмей? Томаға киген қыран түк көрмейді, Керінер қараңғылық түрмесіндей.**

**Тіршілік кейде жолды қиындатып, Батамын мен де мұңға миым қатып. Сол кезде бір жүйрікке қарғып мініп, Жапанға кетсем деймін құйындатып.**

**Амал жоқ, кейін туып, кеш түледің, Шаңқылдың қырандардың естімедің. Атының бүркітіне жем бермедің, Тұғырда сілкінетін төсті керіп.**

**Саятта бір-біріне болған сыңар, Таулардан көрінбейді енді аңшылар. Ақиық аталардың бойындағы Қысиет қанымызда қалған шығар.**

**Қыраны қия беттен түскен іліп, Біздерге қайда бүгін құсбегілік? Қайтайық Тарбағатай жаққа барып, Атам жүр маза бермей, түске кіріп.**

**Несіпбек АЙТҰЛЫ**

де көсіліп жатып көңілдегі көп ойды тербейтінбіз. Былтыр «Хабар» агенттігінде жұмыс істеп жүргенімде айтқан бір, сөзі енді ойласам, көмейіме өксік болып тығылады.

– Әй, Берікжан, – деді мейірім тунған үйімен. – Сен еліміздің басты арнасында жүрсің. Бізді қашанғы жүреді дейсің, мың жасайтын құзын емеспіз ғой! Көкіректе қатталған сыр көп, бөріні сарқа айтқым келеді, мені жақсылап жазып алсаңдаршы! Көңіл түпкіріндегі көмбени өзімізмен бірге алып кетпей, соңыға мұра етіп қалдырайын. Қазір көрсете алмасаңдар, мен қайтыс болған соң көрсетесіңдер ғой. Мен сендерге ешкім білмейтін көптеген тың деректер берем, – деді.

Мен Ербол Алшынбай бауырыма талсырма беріп, осындай мықтылықты тұлғалардан сұхбат алайық деп жаңа жобаны бастадық. Тұрсын Жұртбай ағамыздан алып, енді Нес-ағамызды түсіреміз деп жүргенде Ерболдың эфирге шығуына бір кісілер қарсы болып, жолымыз жабылып қалды. Енді көзі кеткен соң «сол жоба

жарық көрмесе де, жазып алу керек еді» деп бармақ тістеп өкініп отырмын.

Өткен күндерді ой елегінен өткізсем, Нес-ағам сол кездерде өзінің кететінін білген сияқты. Соңғы жылдары әлеуметтік желіде де белсенді болып, жауһар жырларын үзбей жүктеп отырды. Өз замандастарының ішінде әлеуметтік желіні меңгеріп, жүйелі де сапалы жүргізгендер некен-саяқ. Осының бәрі ажал сағатының таяп келе жатқанын сезген ақын жанының шырқырап зәу биікке самғауы сынды. Оны өмірінің соңғы кезінде төсек тартып жатып жазған мірдің оғындай жырларынан да аңғара алдық. Жарық күнге риза-қош ай-тып, бұрынғылар кеткен жолға түскенімен, көкірегінде қанбаған мейір, сарғалдақ сағыныш кетті...

Алғаш қатты жығылып ауруханаға түскен жазда Ербол Алшынбай екеуміз көңілін сұрай бардық. Аз-кем әңгіме айтып, суретке түстік. Жай оғындай жарқылдап тұратын Нес-ағам қоштасқандай болып отырды.

– Бұл не жатыс, аға! Ақсуатта Дулат

Тастекеев бауырыңыз өткізетін айтысқа бірге баруымыз керек. Тезірек тұрыңыз, жолға жиналамыз, – дедім қалжыңдап.

– Кетіп қалып жатсам, мені Ұлттық пантеонға қойындар. Осы сәлемімді үлкен кісіге жеткізесіңдер. Егер шамаларың келмей жатса, Қабдеш ағамның қасына барып жатсам деймін, – деді.

– Ондайды айтпаңыз, аға, жазылып кетесіз, – деп біз шыр-пыр болдық.

Қазақ әдебиетінің қабырғалы қос қара нары Қабдеш Жұмаділов пен Несіпбек Айтұлының бір кездері болмайтын іске бола шекісіп қалғаны шындық еді. Бірақ өмірінің соңында кешу сұрасып, бір-бірімен татулас-ты. Қабдеш аға қайтыс болып, ылтыр басы жаңадан көтеріліп, ас берілгелі жатқан. Ақсуатта айтыста жүргенбіз. Нес-ағаға келіп:

– Нес-аға, мына асқа сіз де барсаңызшы. Көлденен көз аралары сол беті суып, өкпе-реніші әлі тарқампапты демесін, – дедім.

– Әй, Берікжан, сол күні немеремнің тойы еді, – деді.

– Аға, той күнде болады. Ал ас бір-ақ рет беріледі ғой, – дедім.

Кесімді сөзімді айтам деп ойланyp қалды. Бір айналып келіп арқамнан қағып:

– Әй, Берікжан, сен өте дұрыс айттып отырсың. Менің барғаным оң болады. Арнауымды оқып, ағама дұға бағыштап қайтам, – деді.

Бірге асқа бардық. Нес-ағам күркіреп өлең оқыды. Абыз жазушының рухына құран бағыштадық.

Астан қайтып келе жатқанда: «Бір жеңілдеп қалдым», – деді күрсініп.

Мұны аруақтың алдындағы арлыу, інілік тағзым, биік құрмет деп қабылдадым. Сол сапарда ағасының рухымен тілдесіп қайтқан секілді. Ұлттық пантеонға жатпасам, тоғыз жолдың торабына барып, ағамның қасына жантаяын дегенінен соны аңғардым...

Ал Тұрсын аға мен Нес-ағаң ғұмырлық дос, өмірлік жан аямас серік екені баршаға мәлім. Бір-бірімен қалжыңдасқанда уытты сөзіне шыдап тұрудың өзі мүмкін емес. Сөні бір-бірінен қызғанған болып еркелетіп жүретін.

– Несіпбекте нең бар, сен менің бауырымсың, – дейтін Тұрсын ағам кездесе қалса.

– Иә, иә, аға, сіздің бауырыңызбын, шүбәңіз болмасын, – деймін күліп.

– Әй, сен Тұрсынға неге жолап жүрсің?! Кімнің бауырысың өзі? – дейді Нес-ағам кездесе қалса.

– Ойбай, аға, сіздің бауырысың екенім ай мен күндей ақиқат қой, – деймін. Бір күні екі нар қатар кездесіп қалып, «Сен өзің кімнің бауырысың, анығын айтшы?» – деп ортаға алды. Мен сасқанымнан күле бердім.

– Екеуіңіздің де бауырыңыз емесің бе?! – деп қыспақтан зорға шығып едім.

Есіл ағаларым менің! Ағаның шүлен шуақты мейірімін, жылы қамқорлығын, жарқын бейнесін ойлағанда, аңызға бергісіз есіл күндер айналып ұшқан алты аққудай көз алдына келеді.

Әкем де осы – қара өлең, Шешем де осы – қара өлең. Қара өлеңім тұрғанда...

Қалай ғана мен өлем?! – деп жырлаған Нес-ағамыз бүгін ортамызда жоқ. «Дидарың ғайып болғанымен де, жырларыңның ажары қашанда ашық, қазақтың киелі сөзінің нысаналы ұстыны болып қала бермек» деп соңында Тұрсын досы қалды. Абзал жұрты Алашы су жорғадай тайпалған өлеңін, дегдар тұлғасын ұмытпақ емес!

Өткенге салауат, өліге иман тілеп от орнында қалған біздің ендігі жұбаныш – жадымызда таңбаланған естеліктер. Қимас сәттерден, аялуы шақтардан қалған ертегіге бергісіз естемелер жаныңды елжіретеді. Қоңыр қазақтың мінезімен басымыз қосыла қалса, аға туралы ақжайнақ күндердің таусылмас қызығын айтамыз. Рұлы елдей болып ортамызды толтырған Нес-ағаң барда айдынымыз шалқып, асқарымыз биік-теп жүріпті. Кеудені құсы кеткен көлде, елі көшкен белде қалғандай жалғыздық кернейді. Оның бәрінен ағаның «Аққудың көз жасындай көлге тамған» шығармалары құтқармақ. «Мені сағынсаң, аға-бауыр болып бірге кешкен күндерді есіңе алу» деп өзі келіп жұбар-тардай...

Жаныңыз жұмақтың төрінде, рухыңыз бейіште шалқысын, қазақ поэзиясының дарига-дәурені!

### ҚҰРАЛАЙ-ҒҰМЫР

Мына күннің алды – жанбыр, арты – қар, Тонған жаным торғайдайын қалтырар. Ғұмыр, сіре, қызыл шақа құралай, Туа сала сан жығылып, сан тұрар. Мына түннің арты – боран, алды – қар, Жыласан да сынайы жоқ зарды ұғар. Қар үстінде қалтыраған нәресте Қайда барар, қай тарапқа қаңғырар? Қорғанысызға жер бетінде жоқ пана, Жемтік болар жыртқышқа да, оққа да. Құлдыраған сәби-жүрек тобықтай, Құстай ұшып жанын сақтар тек қана. Кім біледі алдында не күтіп тұр. Жүгірмесе жоғалтардай жұтып қыр. Ызғарлана түпсіз қойнын ашады, Шексіз өлем бермейтұғын бітіп бір. Сенделеді қирынына шыға алмай, Жүрегіне біреу пышақ сұғардай. Төбесінен мың бөлекет ұлиды, Күтір-күтір аспан мұзы сынардай. Ғұмыр, сіре, жез киіктің лағы, Таптырмайды шөлдегенде бұлағы. Ортасында өмір менен өлімнің, Күндіз-түні елөңдейді құлағы. Құралайым, тұра берме құр қарап, Жон теріңді сыдырғанша бір қабат. Онсыз-дағы құдіреттің көк іті, Тарпа бас сап, талап жейді жұлмалап.

### КӨК ТҮТІН БОП...

Мен тұрамын шулы қала ішінде, Түк көрмеген, түк сезбеген пішінде. Жасырғаным – таңдайымның астында, Талшық қылған тарамысым – тісімде. Жел тимеген тағысы едім даланың, Қамауына тез көндіктім қаланың. Күн қабағын шүкіршілік етемін, Елден асып, енді қайда кетемін? Осы болса – менің Мекке, Мединам, Осы болса – уя салған мекенім! Шулы ортаға келген жоқпын беркеге, Қуғанменен, арманға адам жетер ме? Тар қалаға тағдырымыз байлағам, Кең даланың құшағынан кетерде. Мұны өзімнен басқа, сіре, кім ұғар, Жөнім де бар жәрмеңкеге құнығар. Бұл қалада жер-жананның жыны бар, Бұл қалада жеті атамның құны бар. Бұл қалада өмір сүрер онай кім? Бұл қалада тоналмайын, тонаймын: Сылдырына зар боп жүріп бұлақтың, Сыбырына зар боп жүріп тоғайдың. Бұл қалыппен жүре берсем, жаным-ай, Түбінде бір өзімді-өзім танымай, Көк түтін боп көкке қарай ұшармын, Жер бетінің тынысына жарымай.

### Көлеңкеменен басқа сонда нем қалар, Өз білгенін оқи берсін молдалар. Қаралы бір қара сызық тартылып, Аспан менен жер ортасы жалғанар. Сонда менің біткен жаным тоналып, Кең аспанның аясында демалып, Кешкі бұлталы күреңітіп жарармын, Батқан күннің шапағына оранып...

### БӨЛІНДІМ ТҰҒАН ҮЙДЕН

Несіне елес қуып, іздедім бақ, Шаршадым түсемін деп ізге жұмбақ. Бауырым, тіршіліктің үйір дані, Болғанмен біреуге – арзан, бізге – қымбат. Сол үшін Алтай бардық, Арқаны астық, Жалғанның жарығына жанталастық. Таяқты тар көпірде көп жедік те, Аяқты ақсақ аттай тарта бастық. Батыр да қылышынан қан сауғалар, Басына бейнет түссе жан сауғалар. Өкенің тозған тоны қырық жылғы, Боранда қайсымызға қамсау болар? Бөліңдім туған үйден мен ертерек, Көрмедім ағайынға көп еркелеп. Жатырмын енді, міне, жар түбінде, Теректі өзім еккен көлеңкелеп. Кім ұғар сен сезбесен бұл жайымды, Біртіндеп тұла бойға мұң жайылды. Болашақ не сыйларын өзі білер, Өзірге аман жүрген күн қайырлы.

Өмірдің әрбір жазы, әрбір қысы, Келмейді өсте сырын алдырғысы. Шығары қай жағыннан тағы жұмбақ, Дамылсыз ұшып-қонған тағдыр құсы. Арманды құып бақтым бір кісідей, Жолымды кесті қанша жынды сүрей. Туған жұртқа тірек болу – ерге сын, Құлдықты енді Құдай басқа бермесін. Атаң өлсе, өзің ата боларсың, Өшеқан да Отан өле көрмесін! Әкең өлсе, шешен өлсе, жылдарсың, Балаң өлсе, бір жығылып тұрарсың. Отан өлсе, опырылып түскенің, Күңіреніп көрге бірге құларсың. Біздің Отан өліп, қайта тірілген, Біздің Байрақ құлап, қайта тігілген. Опат болған ерлер рухы оянар, Отан деген лебіз шықса тілімінен. Отанменен аспандағы Күн егіз, Екеуінің амандығын тілеңіз. Жас азамат, бұл Отанның қадірін, Бодандықта болған біздер білеміз! Талайдың шындық көзі деп жүргені – Мылтықтың үңірейген ұңғысы ғой. Қайғыдан қатырмаса жаныңа мұз, Адамға өткен күннің бәрі де аңыз. Бауырым, бақыт деген құстың сүті, Таңдайға жоқты қалай тұтызамыз?





АҚСУАТ

Аудан әкімінің тапсырмасымен 60 жылдық елді мекеніне баратын автокөлік жолында қардан тазарту жұмыстары жүргізілді. Қар қалың түскендіктен тұрғындардың еркін қатынауын қамтамасыз ету мақсатында арнайы жол тазалау техникалары жедел түрде іске кірісті.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Нәтижесінде елді мекенге қатынайтын негізгі бағыттардағы қар үйінділері аршылып, көлік қозғалысы қалпына келтірілді. Бұл шара тұрғындардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінің тоқтаусыз жалғасуына, әлеуметтік нысандар мен қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес "Ақсуат" коммуналдық мекемесінің техникалары жерге қар түсе сала аудан орталығының ішкі көшелерін тазарту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта бірнеше арнайы техника мен қызметкерлер тобы аудан ішіндегі жолдардағы қардан тазартып, қар үйінділерін шығаруда, көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тәулік бойы жұмыс істеуде.

Коммуналдық сала мамандары жол бетінде жиналған қарды аршу ғана емес, сонымен қатар тайғақтың алдын алу жұмыстарын да жүзеге асыруда. Қажетті учаскелерге құм-тұз қоспасы себіліп, тротуарлардың да тазалығы назардан тыс қалған жоқ. Жүргізіліп жатқан жұмыстар қыс маусымында көлік қатынасын үздіксіз қамтамасыз етуге, тұрғындардың қауіпсіздігі мен қолайлы тіршілігін сақтауға бағытталған. Аудан әкімдігі алдағы күндері де ауа райы қолайсыздығына байланысты коммуналдық қызметтер күшейтілген режимде жұмыс істеуге дайын екенін мәлімдеді.

Өз тілшіміз



БЕСҚАРАҒАЙ

ЕҢБЕГІ МАРАПАТҚА ЛАЙЫҚТЫ

Ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай облыс орталығында дәстүрлі «Алтын күз» салтанатты жиыны өтті. Іс-шара Семей қаласындағы Абай атындағы кітапханада ұйымдастырылып, өңір агросекторының дамуына үлес қосқан үздік еңбеккерлерге құрмет көрсетілді.

Мерекелік шарада Бесқарағай ауданының шыққан және ауданда еңбек етіп жүрген бірқатар азаматтардың еңбегі жоғары бағаланып, мемлекеттік және салалық наградалар табыс-талды.

Атап айтқанда, Бесқарағай ауданының тұрмасы, ауданның Құрметті азаматы, «Прииртшы бройлер құс фабрикасы» ЖШС директоры Балтабек Наурызбаев «Құрмет» орденімен, «BA AgroGroup» ЖШС механизаторы Мұхамедхан Асанбеков III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен, «BA AgroGroup» ЖШС директоры Азамат Аубакиров «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Ал «Мукинов» шаруа қожалығының басшысы Хибидулла



Мукинов «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алғыс хатын, «Азамат-2» ауыл шаруашылық өндірістік корпоративінің жұмысшысы Ринат Асхатұлы «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін иеленді.

Был алғаш рет агросектордың үздік мамандарына 10 автокөліктің кілті табыс-талды. Соның ішінде «BA AgroGroup» ЖШС агрономы Медеухан Әнуарбекұлы «Үздік агроном» атағын жеңіп алды.

Бесқарағай өңірінің атын асқақтатып, ауыл шаруашылығы саласының дамуына үлес қосып жүрген барша марапат иелеріне аудан тұрғындарының атынан алғыс білдіреміз.

Шайза ДОСКЕЕВА

БОРОДУЛИХА

АУЫЛЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН

Бородулиха ауданына қарасты Петропавловка ауылындағы елге еңбегі сіңген, ауылдың әлеуметтік дамуына ұдайы үлес қосып келе жатқан азаматтардың бірі – шаруашылық жетекшісі Евгений Геннадьевич Жбратов. Қай істің де басы-қасынан табылатын, туған ауылына жанашырлықпен қарайтын ол өңір тұрғындарының ерекше құрметіне ие.

Евгений Геннадьевич «Жасмин» шаруашылық серіктестігін басқара жүріп, ауылдың әлеуметтік мәселелеріне әрдайым назар аударып келеді. Ол көптеген жылдар бойы округтегі аз қамтылған отбасыларға, көп балалы және жалғыз басты тұрғындарға тұрақты көмек көрсетіп, жергілікті меценат ретінде танылған. Ауыл инфрақұрылымын жақсартуға да белсенде атсалысып жүр. Оның демеушілігімен бірқатар елді мекендерде көше жарығы орнатылып, жолдар тегістелді. Білім саласын қолдау да оның басты бағыттарының бірі. «Мектепке жол» акциясы аясында аудан оқушыларына қажетті оқу құралдарын алуына қолдау көрсету шаруашылықтың дәстүріне айналған.

Сонымен қатар Петропавловка бой көтеруі жоспарланған спорттық-сауықтыру орталығының жобалық-сметталық құжатын әзірлеуге де жеке қаражатынан қаржы бөліп, ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолында мүмкіндік жасап, өз үлесін қосты.

Қыс мезгілінде қар тазалау, су тасқынына қарсы шаралар, рұқсатсыз қоқыс орындалуын жою сияқты жұмыстарға техникалық көмек көрсетіп отыруы – оның ауылды таза әрі қауіпсіз ұстауға деген жауапкершілігінің белгісі.

Қожалықта бүгінде 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бұл – ауылдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға үлкен үлес. Соңғы жылдары шаруашылық өндірістік базасын жаңартып, егістік көлемін ұлғайтып, мал басын көбейтіп келеді. Машина-трактор паркi толық жаңартылып, шаруашылықтың материалдық-техникалық әлеуеті нығайған. Жбратов басқарып отырған шаруашылық – округтегі ең ірі және тұрақты дамып келе жатқан қожалықтардың бірі. Соңғы үш жылда экономикаға 500 миллион теңгеден астам инвестиция құйылған.

Ауылдастары Евгений Геннадьевичті, ең алдымен, қарапайым, еңбекқор, адал жан ретінде таниды. Жұмыста талапшыл, қарым-қатынаста ашық азамат ауылдастарының мәселесіне де бейжай қарамайды. Үлгілі отбасының иесі, үш баланың ардақты әкесі, қоғамдық өмірдің бел ортасында жүретін азаматтың ел ішінде беделі жоғары.

Осы еңбектері мен ауылдың дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Евгений Геннадьевич Жбратов III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды.

Бұл марапат – оның кәсіби еңбегінің ғана емес, туған жерге деген жанашырлық көзқарасының, азаматтық ұстанымының лайықты бағасы.

Шайза АСАНҚЫЗЫ



ЖАРМА

Жарма ауданы әкімдігінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелеріне арналған оқыту-танымдық жиын өтті. Іс-шараға мемлекеттік дербес бөлім басшылары мен мемлекеттік қызметкерлер, қала, кент, ауылдық округ әкімдері, сондай-ақ Жарма ауданы әкімінің аппарат басшысы, әдеп жөніндегі уәкілі Қанат Шаймұратов қатысты.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Кездесуге арнайы шақырылған спикерлер қатарында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Абай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы Бауыржан Асхатбекұлы мен «Тәуелсіз зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Жанар Қабидуллқызы қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті бағыттары жөнінде мазмұнды ақпарат ұсынды. Семинар барысында мемлекеттік қызметтеп сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ерте анықтау және олардың алдын алу тетіктері, қызмет-

тік этиканы сақтау талаптары, мемлекеттік аппараттағы ашықтық пен есептілікті күшейту жолдары жан-жақты талқыланды. Спикерлер адалдық құндылықтарын кеңінен насихаттаудың, қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара сенімді нығайтудың маңызын атап өтті. Сонымен бірге қатысушыларға нақты мысалдар арқылы жемқорлықтың құқықтық салдары, профилактикалық жұмыстардың тиімді моделдері және мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқы стандарттары түсіндірілді. Оқыту барысында интерактивті әңгімелесу әдістері қолданылып, пікір алмасуға кең мүмкіндік жасалды. Іс-шара соңында семинар-

ға қатысушылар мамандарға өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, практикалық ұсыныстар мен кәсіби кеңестер алды. Кездесу мемлекеттік қызмет жүйесінде адалдық, әділдік және ашықтық қағидаттарын нығайтуға бағытталған маңызды басқосулардың бірі болды.



ЖАРМА

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tañy»

ЖАРМА

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tañy»

Осыған орай, Жарма ауданында кең ауқымды акция ұйымдастырылды. Қоғамдағы қауіпсіздік пен адам құқықтарын қорғауға бағытталған бұл маңызды шара Абай атындағы кәсіпалы мектеп-гимназиясы қабырғасында өтті.

Жарма ауданының Достық үйі ұйымдастырған іс-шараға Аналар кеңесінің мү-

ЖАРМА

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tañy»

Осыған орай, Жарма ауданында кең ауқымды акция ұйымдастырылды. Қоғамдағы қауіпсіздік пен адам құқықтарын қорғауға бағытталған бұл маңызды шара Абай атындағы кәсіпалы мектеп-гимназиясы қабырғасында өтті.

ЖАРМА

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tañy»

АЯГӨЗ

ЖЕРЛЕСІМІЗ – БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗЫ

«Абай әндері» республикалық дәстүрлі әншілер байқауы биыл алғаш рет Семей қаласында өтті. Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған байқауда еліміздің әр өңірінен келген өнерпаздар ұлы ақынның әндерін орындады.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА, «Semei tañy»

Осы өнер сайысында Аягөз ауданынан қатысқан дарынды жас Сәулет Аманғазин I орынды иеленіп, облыс намысын абыроймен қорғады.

«Абай әндері» байқауы – дәстүрлі қазақ өн өнерін насихаттауға, жас таланттарды анықтап, дамытуға бағытталған ірі республикалық өнер фестивалі. Байқау еліміздің түкпір-түкпірінен келген орындаушылардың арасынан «Қуғынмен басталып, азаппен аяқталған ұлы ғұмыр» деп аталған іс-шара ақынның күрделі өмір жолы мен шығармашылық мұрасын жан-жақты таныстыруға арналды.

Танымдық сабаққа Сары-Арқа жалпы орта білім беретін мектебінің 8-сынып оқушылары және олардың сынып жетекшісі, мектеп тәлімгері Әсем Абдылдаева қатысты. Оқушылар іс-шара барысында Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» және басқа да өлеңдерін мәнерлеп оқып, ақынның күрделі өмір жолын еске алды. Сонымен қатар жасөспірімдер Міржақыптың шығармаларын талқылай отырып оның қазақ әдебиеті мен қоғамға қосқан үлесі туралы өз пікірлерін білдірді.

Сабақ барысында қатысушылар музей экспозицияларымен де танысып, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне арналған көрмелерді қызыға тамашалады. Экспозициялық бөлімдерде оқушыларға ұлттық мәдени мұрамен байланыс орнатуға мүмкіндік жасалды.

Мұндай іс-шаралар жас ұрпаққа ұлттық тарих пен әдеби мұраны таныстыруға, рухани тәрбие беруге және өз халқына деген құрмет пен патриоттық сезімдерін қалыптастыруға ықпал етеді. Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығы – жас ұрпақ үшін өнеге, ал оның сөз өнері қазақ мәдениетінде мәңгілікке сақталады.

«ST» - ақпарат



МУЗЕЙДЕГІ ТАНЫМДЫҚ САБАҚ

Аягөз қаласындағы Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалында қазақ әдебиеті мен тарихында айрықша із қалдырған ұлт ардақтысы, қазақ көсемсөзінің негізін қалаушылардың бірі, сондай-ақ Алаш үкіметінің құрылуына үлес қосқан ұлтжанды қайраткер Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орай танымдық сабақ өткізілді.



ЖАРМА

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tañy»

Осыған орай, Жарма ауданында кең ауқымды акция ұйымдастырылды. Қоғамдағы қауіпсіздік пен адам құқықтарын қорғауға бағытталған бұл маңызды шара Абай атындағы кәсіпалы мектеп-гимназиясы қабырғасында өтті.

ЖАРМА

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tañy»

Осыған орай, Жарма ауданында кең ауқымды акция ұйымдастырылды. Қоғамдағы қауіпсіздік пен адам құқықтарын қорғауға бағытталған бұл маңызды шара Абай атындағы кәсіпалы мектеп-гимназиясы қабырғасында өтті.

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tañy»



**Біз ҚР Ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының академигі, ветеринария ғылымдарының докторы, ҚазҰАҰ профессоры, Үржар ауданының Құрметті азаматы, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» Еркін Қасымовпен сұхбаттасып, ауыл шаруашылығы саласын дамыту төңірегінде әңгімелескен едік.**

**Еркін Игенбайұлы – Семей зооветеринария институтының түлегі. 1980–1987 жылдары Мақаншы ауданында мал дәрігері болып қызмет атқарып, аудандық ветеринария мекемелерін басқарды. Осы сала бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарына да ден қойды. Қазіргі уақытта ҚР Ғылым және ЖМ-нің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», UN OIE «Twinning» бағдарламасының ветеринария білімі бойынша сарапшысы, тәжірибелі маман әрі ғалым-педагог.**

## Еркін ИГЕНБАЙҰЛЫ:

# АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТЫ ЖЕТІЛДІРУ - БАСТЫ ТАЛАП

**«Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразиядағы басты аграрлық орталықтардың біріне айналу».**

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ**

**- Еркін Игенбайұлы, Абай облысының ауылдық аумақтарын дамытуда қандай басым бағыттарды атап едіңіз?**

- Еліміздің Еуропа мен Азияның кіндігінде орналасуы, бай табиғи ресурстары облысымыздың барынша дамуына үлкен мүмкіндіктер береді. Әсіресе Мақаншы, Ақсуат, Бородулиха сынды шекаралық аудандар еліміздің шығыс қақпасы ретінде ауыл шаруашылығы саласын дамытуда маңызды рөл атқарып отыр. Бұл аймақтарда логистика саласын күшейту тек өңір үшін емес, бүкіл Қазақстан үшін стратегиялық бағыт деуге болады. Бір айтарлығы, Семей қаласында көрші елдермен байланысты қамтамасыз ететін тағам қауіпсіздігі орталығын құру өте өзекті. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын бақылауды күшейтіп, экспорттық мүмкіндікті арттырады. Абай облысының ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға ерекше басымдық берілсе, өңірдің экономикалық қуаты арта түседі. Жалпы алғанда, Абай облысының ауыл шаруашылығының даму әлеуеті жоғары. Агроөнеркәсіпті жүйелі түрде дамыта алсақ, мемлекеттің ішкі нарығын қамтып қана қоймай, бірқатар өнімдерді экспорттауға да мүмкіндік туады.

**- Ол үшін қандай нақты бағдарлар қажет?**

- Агроөнеркәсіп кешенін тиімді дамыту үшін алдымен нақты мақсат пен оған қол жеткізуге қажетті бағыттар айқындалуы тиіс. Өндірісті жоспарлау кезінде нарықтық заңдылықтар, халықтың ғылыми негізделген тамақтану стандарттары, жергілікті өнеркәсіптің шикізатқа сұранысы, аймақтың табиғи-биоклиматтық ерекшеліктері, малдардың, дақылдардың генетикалық әлеуеті түгел ескерілуі керек. Мәселен, Қазақстан халқы жыл сайын орта есеппен 180–200 мың адамға көбейіп отыр. Осы өсімді және медициналық нормаларға сай тұтыну көлемін ескерсек, 2025–2035 жылдарға арналған Агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасында көрсетілген мақсаттар – өнімділікті екі жарым есеге, экспортты екі есеге арттыру – өте өзекті әрі уақыт талабы. Бұл міндеттерді орындау үшін табиғи ресурстарды тиімді пайдаланып, шаруашылықтарды дұрыс мамандандыру қажет. Сонда ғана ауыл шаруашылығы саласы ел экономикасының тұрақты тірегіне айналады. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін облыс экономикасы, сондай-ақ ғалымдар, менеджерлер, кәсіпкерлер, түрлі сала мамандары бәсекеге қабілетті болуы керек, бүгінде мәселе өткір тұр. Кезінде Семей ядролық сынақ полигоны болған 18500 шаршы км аумақтың топырақ құрамындағы ауыр радионуклиддерді фиторекультивациялау (тарлау, ерекшөп, изен, жусан, сексеуіл, өндірістік қарасора, тағы басқа дала шөптері) арқылы залалсыздандыру, ол жерді жасыл аймақ, табиғи қорыққа айналдыру экологиялық жүйені қалпына келтіреді. Бұл мәселені облыс әкімдігі, Ұлттық ғылым академиясы сала мамандарымен бірігіп талдауымыз керек деген ойдамын.

**- Аймақтың табиғи ресурстары мен ерекшеліктерін тиімді пайдалану үшін агросектордың қай салаларын дамытуға басымдық берген жөн?**

- Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірі - Жамбыл, Алматы, Жетісу, Абай облыстарының таулы-қыратты тегістіктері - төрт түлік малға ыңғайлы табиғи жайылымға ең қолайлы аймақтар. Бұл өңірлерде ежелден қой шаруашылығы тиімді дамыған. «Мал өсірсең – қой өсір, пайдасы оның көл көсір» деп бекер айтылмаса керек. Өңгіме жылдың төрт мерзімінде де табиғи жайылымға бейімделген қазақтың байырғы құйрықты қой тұқымдары жайында болып

отыр. 1980–1990 жылдары қазіргі Абай облысы қой шаруашылығының флагманы болды. Ата-бабамыз мал өсірудің табиғи ортаға бейімделген жүйесін ғасырлар бойы қалыптастырып, әсіресе қой мен ешкіні тиімді бағып-күте білді. Сол себепті қой шаруашылығы – республиканың, әсіресе шығыс өңірдің мал шаруашылығының негізгі секторы болуы тиіс деп санаймын.

Қазір ислам елдерінің нарығында Қазақстанның Еділбай тұқымды қойына сұраныс жыл сайын артып келеді. Тарбағатайдың күнгейі мен теріскейі, Қарабас, Тоқты, Ақшатау, Шыңғыстау жайлауларында өсірілген қозы етін араб елдеріне экспорттау көлемі тұрақты түрде өсіп отыр. Шәкірттер Тарбағатай өңірінде мал шаруашылығымен айналысып, кәсіптерін дамытып, заманауи технологияға сай мал сою бекеттерін ашып, ішкі және сыртқы нарықты жолға қоюға ат салысып жүр. Бұл экологиялық таза, табиғи шөппен қоректенген қазақты қой тұқымдарының жоғары сапалы етіне деген сұраныстың нәтижесі деп мақтан тұтады олар.

**- Қазақтың қойдың ерекшелігі мен өнімінің сапасы туралы толығырақ айтып өтсеңіз...**

- Қазақтың байырғы қойлары - мыңдаған жылдар бойы табиғи сұрыпталу нәтижесінде қалыптасқан, көшпелі жүйеге бейім, төзімді, етті-майлы бағыттағы тұқымдар.

Бұл қойлардың ежелгі табиғи нұсқалары бүгінде тек Қытай Халық Республикасының Алтай мен Еміл өзені аймақтарында «Алтайдың тегене құйрықты қызыл қойы», «Башпай қойы», «Емілдің қара қойы» деген атаулармен сақталған. Олардың тұқымдары Абай облысының аудандарында да бар.

Бұл қойлардың ерекшеліктері көп. Олар жыл бойы жайылымда бағуға бейімделген, таулы өңірдің күрделі климаттық жағдайына өте төзімді, табиғи жайылымда ет пен майды жақсы жинайды, тұяғы қатты, қыста тебіндеп жайылады. Жүні, негізінен, қызыл немесе жирен түсті, түбіті мол, жылына 300–500 г таза түбіт береді. Олар Еділбай қойының генетикалық әлеуетін арттыруға таптырмас материал.

Башпай қойы тұқымның өнімі Алтайдың тегене құйрықты қойларына қарағанда сәл төмен болғанымен, еліміздегі Еділбай қойынан айтарлықтай жоғары өнім береді. Абай, Жетісу, Ұлытау өңірлерінде бос жатқан жайылымдар көп. Бұл аймақтарда экожүйеге зиян келтірмейтін, табиғи жайылымды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін қой тұқымдарын өсіру тиімді. Тегі осы аймақтардан бастау алған Алтай, Башпай қазақы қойларын аудандастыру Еділбай қойының генетикалық әлеуетін арттырады, ет экспорттың көлемін ұлғайтып, тері мен жүн өңдеу саласын қайта жандандыруға мүмкіндік береді, таулы аймақтың экожүйесін сақтауға да ықпал етеді, сонымен қатар ауыл халқының табысы өсіп, шекаралық аудандар дами түседі.

**- Қой шаруашылығы жайылымдардың тозуының алдын алады дедіңіз. Бұған нақты мысалдарыңыз бар ма?**

- Соңғы жылдары ауыр салмақты етті сиырлар тұқымы шет елден шамадан тыс әкелініп, Тарбағатай мен Алтай тауларындағы жайылымдардың тозуына алып елді, кеміргіштер мен жыртқыш аңдардың тіршілік ортасының бұзылуына ықпал етті. Сиыр - тақ тұяқты мал, қозғалысы баяу, топырақты қатты таптайды. Ал қой мен ешкі - таулы аймақта жайылуға бейімделген мал. Өсімдік жамылғысын зақымдамайды, экожүйе тепе-теңдігін бұзбайды. Сондықтан таулы өңірлер үшін ең қолайлысы – қой шаруашылығы. Еліміздің оңтүстік-шығысындағы

Тарбағатай тауларындағы көпжылдық өсімдіктердің күрт азаю себептерінің бірі – ірі тұяқты жануарлардың (сиыр малы) шамадан тыс жайылуы. 1980–1986 жылдары Мақаншы ауданында қызметте жүргенізде жайлауға, негізінен, қой мен ешкі малы шығатын. Ұсақ мал өсімдіктің жоғары бөлігін жеп, үшкір тұяғымен топырақты қопсытып, тұқымның жерге сіңуіне жағдай жасайды.

2003–2018 жылдары қой саны күрт азайып, жайлауға ірі қара табындары шыға бастады. Өткен жылдары шәкірттері - Мақаншы ауданының Ақшоқы ауылындағы фермерлермен бірге Тарбағатай тауындағы Қырық ошақ жайлауларына шығып, мониторингтік зерттеулер жүргізіп қайтық. Зерттеу барысында байқағанымыз - ірі қара табындары айтарлықтай артқан. Бұл Тарбағатай тауларындағы өсімдік жамылғысына және топыраққа елеулі зиян келтірген. Соның салдарынан сезімтал өсімдіктер жойылып, топырақтың қуыстылығы мен ылғал сыйымдылығы төмендегені, топырақ нығыздалып, биологиялық белсенділік әлсірегені, жеркүрттары мен суырлар популяциясы азайғаны анықталды. Ал қой мен ешкінің жайылымға әсері әлдеқайда аз және көбінесе оң ықпал етеді. Ұсақ мал өсімдіктің құрғақ



бөлігін жейді әрі көп қозғалатындықтан, үшкір қос тұяқтарымен эфимерлі шөптердің жерге түскен тұқымын топыраққа батырып, өсімдіктің келесі жылы қаулап қайта өсіп шығуына ықпал етеді.

**- Қазақтың дәстүрлі ветеринариялық тәжірибесі және мал бруцеллезі бойынша ғылыми монографияларыңыз жарияланған екен. Бұл саланың маманы, ғалым ретінде біздің өңірдегі зоонозды індеттің бүгінгі жағдайына тоқтала кетсеңіз...**

- Қазақ халқы індетке қарсы күресте бай тәжірибеге ие. Жайылым ауыстыру, табиғи санитариялық шаралар, өлексені өртеу, топалаң ошағын оқшаулау – бұлардың барлығы ғылымға дейін қалыптасқан дәстүрлі әдістер.

Қазіргі ең өзекті індет бруцеллез болып тұр. Бұл ауру, Қазақстандағы мал шаруашылығының дамуына үлкен кедергі келтіруімен қатар, адам денсаулығына да қауіпті. 1999 жылы АШМ министрі бекіткен бруцеллезге қарсы күрес туралы нұсқауға докторлық диссертациядағы зерттеулерім енді, шәкіртім, ғылым кандидаты Калачев Серік Айтмұханбетұлының басқаруымен Қазақстанның ветеринария заңдылығы, оның ішінде бруцеллезге қарсы күрес шаралары тиімді дайындалып бекітілген болатын.

Кейінгі, 2019 жылы бекітілген заңнамалық құжат халықаралық талаптарға сәйкестендірілгенімен, вакцина қолдану мәселесі толық толық шешілмеген. Сондықтан қазіргі жағдайда мал бруцеллезіне қарсы арнайы ұлттық бағдарлама әзірлеу қажеттілігі туындап отыр.

**- Ветеринария және аграрлық мамандар даярлау мәселесіне тоқталсаңыз...**

- Қазіргі таңда Қазақстанда ветери-

нариялық медицина, санитария және биотехнология мамандықтары бойынша кадрлар даярлайтын алты аграрлық университет бар. Солардың ішіндегі ең ірісі – Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіндегі ветеринария және зооинженерия факультеті. Бұл оқу орнында Қазақстан–Жапония орталығы, агротехнологиялық хаб және ғылыми-өндірістік орталықтар тиімді жұмыс жүргізуде. Іс жүзінде маман жетіспеушілігі байқалғанымен, мамандықты алыс шетелдердегідей атасақ, еліміздің еңбек нарығында мал дәрігері емес, ветеринариялық медицина докторы үлкен сұранысқа ие. Заманауи ветеринар – кең көлемді даярлықты қажет ететін маман, оның міндеті кеңес заманындағы мал дәрігерлерінің атқарған қызметтерімен салыстырғанда анағұрлым ауқымды. Ветеринариялық медицина және паразитология мамандықтары агрономия саласымен біріктірілген Шәкерім университетінің «Ветеринария және агроменеджмент» факультетінде бұл мамандарды даярлау өте күрделі. Сондықтан стратегиялық маңызы бар шығыс өңірінде бұрынғы Семей зоотехникалық-ветеринария институтын қазіргі заманға сай ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын жоғары оқу орны ретінде қайта құру уақыт талабы деп санаймын. Бұл пікірімді өткен жылы «Semei tañu» газетіне берген сұхбатымда да айттым. Облыс әкімі Берік Уәли мырза бұл мәселеге назар аударады деп сенемін.

**- Егін және мал шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу туралы не айтасыз?**

- Кешегі кеңес дәуірінде Семей, Аягөз қалалары мен Үржар, Ақсуат сияқты аудан орталықтарында ет, сүт өнімдерін өңдейтін зауыттар, сүтірімшік, ет-шұжық комбинаттары мыңдаған адамды жұмыспен қамтыды. Бұл өндірістер одақтық деңгейдегі маңызға ие болып, олардың кейбір өнімдері шет елдерге де экспорттал-

ды. Мәселен, Үржардағы ірімшік зауытының өнімдері Еуропаның бірқатар мемлекеттеріне жөнелтілсе, Семей, Қаскелең, тағы басқа қалалардағы тігін фабрикалары 1995 жылға дейін таза мақта мен жүннен тоқылған бұйымдарын сыртқа экспорттап келді.

Ал агрономия саласына келсек, бүгінгі таңда таза бидайды сыртқа экспорттау экономикалық тұрғыда тиімсіз. Қазақстанға астықты терең өңдейтін зауыттар қажет. Бұл кәсіпорындар глютен, модификацияланған крахмал, биохимикаттар, аминқышқылдары, сироп, глюкоза, мал азығы, биопластика сияқты қосымша құны жоғары өнімдер шығарады. Елімізде осындай кемі 6–7 зауыт салу экономиканы әртараптандырып, ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге шығарады. Шығыс Қазақстан облысы, әсіресе суы мол Ертіс өзенінің бойы, Семей қаласының жаңа деңгейге шығарады. Қызығушылық танытқан кәсіпкерлер, әкімдер болса, оқып танысуларына болады.

Абай облысының аграрлық саласын дамыту үшін табиғи жайылымдарды тиімді пайдалану, қазақтың байырғы қой тұқымдарын аудандастыру, сондай-ақ ветеринария, агрономия, зоотехника саласында білікті мамандар даярлау ісін жолға қою керек, сонымен қатар агроөнімдерді терең өңдеу өндірістерін дамыту қажет. Бұл - кезек күттірмейтін көкейкесті мәселе.

Бұл шаралар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында көрсетілген стратегиялық бағыттармен толық сәйкес келеді.

- Сұхбатыңызға рақмет!

**Сұхбаттасқан Риза МОЛДАШЕВА**



Жоба

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 23 СӘУІРДЕГІ № 347 «СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Семей қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Семей қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 23 сәуірдегі № 347 «Семей қаласы бойынша коммуналдық қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

- Қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын. 2. «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын. 1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде жариялау үшін «Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды; 2) осы қаулының Семей қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін. 3) осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін. 4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Семей қаласы әкімдігінің 2025 жылғы «...» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына қосымша

Семей қаласы әкімдігінің 2025 жылғы «23» сәуір № 347 қаулысына қосымша

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабының 16) тармақшасына, «Коммуналдық көрсетілетін қызметтердің тізбесін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 249 бұйрығына сәйкес әзірленді және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну мен ақы төлеу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бірыңғай төлем құжаты – коммуналдық және қосымша қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру үшін жасалған, төлем және (немесе) ақша аударымы негізінде немесе оның көмегімен жүзеге асырылатын электрондық нысанда қалыптастырылған құжат;

1-1) биллинг - абоненттерге көрсетілетін қызметтерді есепке алу операцияларын автоматты түрде орындауға, сондай-ақ оларды тарифтеуге және ақы төлеу үшін шоттар беруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

1-2) бірыңғай есеп айырысу орталығы (бұдан әрі - БЕО) - уәкілетті орган айқындайтын жұмыс істеу талаптары мен тәртібін сәйкес келетін, бірыңғай төлем құжатын қалыптастыруды жүзеге асыратын және ақпараттық жүйелер негізінде коммуналдық көрсетілетін қызметтерді берушілер мен коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін заңды тұлғалар

2) газбен жабдықтау – тауарлық, сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және өткізу саласындағы қызмет;

3) есепке алу аспабы – коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеке және (немесе) үй бойынша ортақ тұтынушы коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындатылған тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

4) жеткізуші – меншік нысанына қарамастан, бекітілген шартқа сәйкес тұтынушыларға коммуналдық қызметтерді көрсететін заңды немесе жеке тұлға;

5) жылумен жабдықтау – жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті өндіру, беру, бөлу және тұтынушыларға сату жөніндегі қызмет;

6) коммуналдық қалдықтар – елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекетінің нәтижесінде пайда болатын тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен пайда болу сипаты бойынша оларға жақын өндірістік қалдықтар;

7) коммуналдық көрсетілетін қызметтер – тұтынушыға ұсынылатын, қауіпсіз және жиайлы тұру (болу) жағдайларын қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтауды, су бұруды, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқыс әкетуді, лифтілерге қызмет көрсетуді қамтитын қызметтер;

8) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындары, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен;

9) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан басқа, кондоминиум объектісінің бөлшектері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дөліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, шатырбастылар, техникалық қабаттар, жертелелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);

9-1) қаржы ұйымдары - қызметі «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңмен реттелетін банктер, сондай-ақ «Төлем ұйымдары және төлем жүйелері туралы» Заңға сәйкес қызметін жүзеге асыратын, БЕО-ның қаржы серіктестері болып табылатын, меншікті төлем құралдарын (касса, интернет-банкінг, мобильді қосымшалар, терминалдар және басқа да құралдар) пайдалана отырып бірыңғай төлем құжаты негізінде тұтынушылардан төлемдерді қабылдайтын және алынған ақшалы қаражатты қызметтерді жеткізушілердің есеп шоттарына аударатын төлем ұйымдары;

9-2) қосымша қызметтер - бұл коммуналдық қызметтер болып табылмайтын, бірақ жалпы және қауіпсіз тұруды қамтамасыз етуге бағытталған жеке меншік үйлерді қоса алғанда, тұрғын үй қорын ұстаумен, қызмет көрсетумен және пайдаланумен тікелей байланысты қызметтер;

10) лифт – тігінен өңіс бұрышы 15° аспайтын, қатты тік сызықты бағыттағыштарға қарай қозғалатын кабинада адамдарды және (немесе) жүктерді көтеру және түсіруге арналған меремі сайын іске қосылатын стационарлық жүк көтергіш механизм;

11) лифтілерге қызмет көрсету – нормативтік-техникалық құжаттамаға (дайындалушы зауыттың ережелері, стандарттары, нұсқаулықтары), ұлттық стандарттарға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес лифтінің жұмыс істеу қабілеттілігі мен қауіпсізді-

гін қолдау үшін сервистік қызмет көрсету бойынша қызмет;

12) сервистік қызмет субъектісі – жасалған шарт негізінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызметтерді көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

13) сумен жабдықтау – суды жинауды, сақтауды, дайындауды, беруді және сумен жабдықтау жүйесі арқылы су тұтынушыларға таратуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

14) су бұру – сарқынды суларды жинауды, тасымалдауды, тазартуды және су бұру жүйелері арқылы су объектілеріне және (немесе) жер бедеріне бұруды қамтамасыз ететін іс-шаралардың жиынтығы;

15) тапсырыс беруші – қызметін Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға. Жобаның (бағдарламаның) тапсырыс беруші-инвесторы, тапсырыс беруші (меншік иесі), құрылыс салушы не олардың уәкілетті адамдары қызмет мақсаттарына қарай тапсырыс беруші бола алады;

15-1) транзиттік шот - екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылатын, көрсетілген қаражатты тиісті қызметтерді көрсетушілердің есеп айырысу шоттарына кейіннен автоматтандырылған түрде бөлумен, Бірыңғай төлем құжаты негізінде коммуналдық қызметтерді тұтынушылардан түсетін ақшалы қаражатты жинақтауға арналған арнайы банктік шот;

16) төлем құжаты – өнім берушінің ұсынған көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) үшін төлемді жүзеге асыру үшін жасалған, соның негізінде төлем жүргізілетін құжат (электрондық шот-фактура, шот, хабарлама, түбіртек, оның ішінде бірыңғай төлем құжатының құрамында, ескерту-шот, талап, талап-арыз);

17) тұрмыстық қатты қалдықтар – қатты нысанды коммуналдық қалдықтар;

18) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектісі – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер;

18-1) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық нысандағы ақпаратты орталықтандырылған түрде жинау және сақтаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сы) – бұл тұрғын үй қорын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты талдау және тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін ТКШ ақпараттандыру объектілерінен ақпаратты шоғырландыруды қамтамасыз ететін, мемлекеттік ақпараттық жүйе;

18-2) тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы техникалық оператор - энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы техникалық операторы ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

19) тұрмыстық тұтыну – коммуналдық көрсетілетін қызметтерді кәсіпкерлік қызметте пайдалану және оларды одан әрі өткізу мақсатында емес, тұтынушылардың тұрмыстық мұқтажыдығы үшін тұтыну;

20) тұтынушы – коммуналдық көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалану ниеті бар жеке немесе заңды тұлға;

21) уәкілетті орган – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

22) үйге ортақ инженерлік жүйелер – көппәтерлі тұрғын үйде пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың, орынтұрақ орнының, қойманың шегінен тыс жердегі немесе ішіндегі және екі және одан көп пәтерге, тұрғын емес үй-жайға, орынтұрақ орнына, қоймаға қызмет көрсететін суық және ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, түтін жою, өрт дабылы, ішкі өртке қарсы су құбыры, жүк және жолаушы лифтілері (көтергіштер), қоқыс әкету, ауа-баптау, желдету, жылууды реттеу және вакуумдау жүйелері, тоғы әлсіз инженерлік жүйелер;

23) электрмен жабдықтау – электр энергиясын өндіру, беру және тұтынушыларға сату жөніндегі қызмет.

2-тарау. Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың тәртібі мен шарттары

3. Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну жеткізуші мен тұтынушы және/немесе заңда белгіленген тәртіпте қызметтің әрбір түрі бойынша шарт жасасуға уәкілетті берілген өзге тұлға арасында жасалған келісім негізінде жүзеге асырылады.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалған коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеу тәртібін мүлік иелерінің жиналысы шешеді.

3-1. Көппәтерлі тұрғын үйге (кешенге) тапсырыс беруші объектіні пайдалануға бергеннен кейін, тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің алдын ала келісімі бойынша, тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері мен коммуналдық қызметтерді (қызметтердің әрбір түріне) берушілер арасында оларды кейіннен жасасу (қол қою) үшін шарттардың жобаларын дайындайды.

4. Қосылыс желісі арқылы коммуналдық қызметтер үшін тұтынушы мен коммуналдық қыз-

меттерді жеткізуші арасында жеке және (немесе) жария шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады.

Меншік иелерінің бірлестіктері немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері коммуналдық қызметтерді жеткізушілермен (қызметтің әр түріне) ынтымақтастық туралы шарттар жасайды.

Мүлік иелерінің бірлестіктері немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға сервистік қызмет субъектілерімен шарт жасаса алады.

Тікелей бірлескен басқару кезінде ынтымақтастық шарттары кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға коммуналдық қызметтерді көрсететін ұйымдар және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың барлық меншік иелерімен немесе пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің көпшілігімен жасалады. Бұл ретте пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің барлығы немесе көпшілігі шарттың бір тарабы ретінде әрекет етеді.

Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы жеткізуші мен тұтынушы арасындағы шарт қолданыстағы заңнамаға қайшы келмеуі тиіс және белгісіз мөрімізге жасалған болып саналады.

5. Коммуналдық көрсетілетін қызметтер ұлттық және мемлекеттік стандарттарда, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарда, техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес ұсынылады және тиісті салалардағы нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

6. Тұтынушылық қасиеттер және көрсетілетін қызметті ұсыну режимі:

1) жылумен жабдықтау – пәтерлердегі, тұрғын емес үй-жайлардағы ауа температурасын айқындайтын санитариялық нормаларға сәйкес, сондай-ақ температура кестесіне – жылыту маусымы ішінде тәулік бойы;

2) электрмен жабдықтау – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген электр энергиясының сапасына сәйкес – жыл ішінде тәулік бойы;

3) суық және ыстық сумен жабдықтау – Қазақстан Республикасының су заңнамасында, санитариялық қағидаларда және мемлекеттік стандарттарда белгіленген берілетін судың сапасына сәйкес – жыл ішінде тәулік бойы;

4) су бұру – сарқынды суларды су бұру жүйелеріне толық бұруды қамтамасыз ету – жыл ішінде тәулік бойы;

5) газбен жабдықтау – Қазақстан Республикасының газбен жабдықтау саласындағы заңнамасында белгіленген техникалық талаптарға сәйкес және шарттарда белгіленген толық көлемде;

6) лифтілерге қызмет көрсету – лифтілердің өндірістік қауіпсіздігі талаптарына және «Лифттер, эскалаторлар, траволаторлар және мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған көтергіштер. Жеткізу, монтаждау және пайдалануға қоюлатын талаптар» ҚР СТ 3305-2018 ұлттық стандартына сәйкес – жыл ішінде тәулік бойы немесе шарт негізінде;

7) тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету (қоқыс әкету) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жергілікті атқарушы орган белгілеген кесте бойынша немесе жасалған шарттарға сәйкес.

3-тарау. Коммуналдық қызметтерді пайдалану және ұсыну процесін реттеудің тәртібі

7. Мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтардың, сондай-ақ кондоминиум объектісінің ортақ меншігі болып табылатын есепке алу аспаптары мен техникалық құйінде күтіп-ұстауды қамтамасыз ету үшін сервистік қызмет субъектісімен шарт жасасады.

8. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергияны тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланатын азамат абонент (тұтынушы) болған жағдайларда энергетикалық желілердің, сондай-ақ энергия тұтынушы есепке алу аспаптардың тиісті техникалық жүйе-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті, егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, энергиямен жабдықтаушы ұйымға жүктеледі.

9. Мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері не пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың барлық иелері, сондай-ақ жасалған шарт негізінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауды қамтамасыз ететін сервистік қызмет субъектісі жеткізушіге, оның өкілдеріне коммуналдық инженерлік жүйелерге, есепке алу аспаптарына, коммуналдық қалдықтарды орналастыру және сақтау орындарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

10. Тұтынушы сумен жабдықтау және су бұру құбырларын, электр сымдарын, электр жабдықтарын, тұрмыстық баллондарды, газ құбырларын мен газ техникалық жабдықтарын, үйде, пәтерде және тұрғын емес үй-жайларда орналасқан есепке алу аспаптарын пайдалану кезіндегі тиісті техникалық жай-күйі, есепке алу аспаптарын аралық тексеру уақыты мерзімін сақтау, пайдалану және техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

11. Тұтынушыда энергиямен жабдықтауды коммерциялық есепке алуы және қосу схемасының өзгеруі, оның зақымдануы, пломбалардың бұзылуы, дискінің жасанды тегелуі және басқа да ақаулар анықталған кезде немесе Тұтынушы энергияны ұрлау мақсатында жасырын сым жабдықтаса немесе есептеу аспабының көрсеткішін бұрмалайтын қондырғы орната, оны бұрынғы аралау кезінде Өнім берушінің өкілі табуы мүмкін болмаған

болса, Тұтынушыға белгіленген энергияны пайдаланғаны үшін қайта есептеу жүргізіледі. Қайта есептеу нақты қосылған тәулігіне байланысты 24 сағатын пайдалануы ескере отырып жүргізіледі, бірақ техникалық шарттарға сәйкес рұқсат етілген қуаттан аспайды. Қайта есептеу кезеңі коммерциялық есепке алу аспабы немесе оны қосу схемасын соңғы аспаптық тексеру күнінен бастап, бірақ барлығы бір жылдан аспайтын уақыт ішінде айқындалады.

12. Елді мекен шекараларының шегінде тұрмыстық және коммуналдық- тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтынатын жүйелері мен газ жабдықтарын, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіз жұмысына қойылатын талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

12-1. Жергілікті атқарушы органдар есептердің ашықтығын қамтамасыз етуге, тарифтердің сақталуын бақылауға, қателерді анықтауға, тұтынушылардың құқықтарын теріс пайдалануды болдырмауға және қорғауға бағытталған БЕО мен қызметтерді жеткізушілер ұсынатын ақпаратты жинау, өңдеу және талдау арқылы коммуналдық қызметтер үшін есеп айырысу мониторингін жүзеге асырады.

13. Тұтынушыға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес, есепке алу аспаптары болуы тиіс және кезіңізге немесе оның өкілдеріне есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

14. Құрылыс объектілерін қабылдау және пайдалануға беру не тұтынушының дербес орнатуы жағдайларын қоспағанда, тұтынушымен жасалған шартқа сәйкес жеткізуші есепке алу құралын сақты алады және тұтынушыға орнатады.

15. Мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері не пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың барлық иелері кондоминиум объектісін жылыту маусымына дайындық жұмыстарын «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес жергілікті өкілді органдар бекіткен жылыту маусымына дайындық және оны өткізу қағидаларына сәйкес ұйымдастырады.

16. Мүлік меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тұтынушыларынан коммуналдық көрсетілетін қызметтердің тиісінше көрсетпегені туралы және (немесе) үзіліспен көрсеткені туралы фактілер бойынша хабарламаны қабылдайды, тиісті актіні қалыптастыра отырып жеткізушімен бірлесіп осындай фактіні салыстырып тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді.

17. Тараптардың пайдалану жауапкершілігі шекарасын бөлу коммуналдық қызметтің мынадай әрбір түрі үшін жеткізуші мен тұтынушы арасындағы шартқа сәйкес айқындалады:

сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша – тараптардың келісімімен белгіленетін міндеттер белгісі (оларды пайдалану үшін жауапкершілік) бойынша сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің элементтерін бөлу орны. Мұндай келісім болмаған кезде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы төңгерімдік тиесілілікті бөлу шекарасы бойынша белгіленеді.

Кондоминиум объектілеріндегі пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы:

сумен жабдықтау бойынша – ғимаратта су құбырын енгізудегі бірінші ысырманың бөлуші фланеці;

су бұру бойынша – елді мекеннің су бұру желілеріне қосылған жердегі құдық;

жылумен жабдықтау бойынша – жылу энергиясы көзі тарапынан басқару торабының кіру ысырмаларының бірінші бөлу фланеці немесе дәнеркерленген жік бойынша айқындалады;

электрмен жабдықтау бойынша – кернеуі 1000 В дейінгі электр қондырғыларын күтіп-ұстау, оларға қызмет көрсету және олардың техникалық жағдайы үшін;

1) әуелік тармақталу кезінде – тіреулерге орнатылған өтпелі және соңғы оқшаулағыштарға қоректендіру желісін қосу түйіспесінде;

2) кабелдік өңу кезінде – ғимаратқа кірердегі қоректендіру кабелінің ұштарындағы бұрандалы қосылыстарда белгіленеді.

18. Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайларда жеткізуші немесе тұтынушы Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес жауапты болады.

19. Еңсерілмесе күш жағдайлары (дүлей зіп-зала немесе болжау немесе алдын алу мүмкін емес өзге де жағдайлар), сондай-ақ әскери қылмылдар, ереуілдер және басқа да жағдайлар басталған жағдайда Жеткізуші мен тұтынушы арасында шарттың талаптарын орындамауы немесе тиісінше орындамауы шарт және Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес реттеледі.

20. Тұтынушылар туралы дербес деректердің құпиялығы үшін жауапкершілік «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүктеледі.

21. Тұтынушы:

1) өз өмірі мен денсаулығына қауіпсіз, мүлкіне зиян келтірмейтін белгіленген сападағы коммуналдық көрсетілетін қызметтерді талап етеді;



БОРОДУЛИХА

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



Бородулиха ауданының ауыл шаруашылығы саласында табындылықпен еңбек етіп, өңірдің дамуына үлес қосып келе жатқан азаматтардың бірі – Серғазы Әлменев. Ол өзінің еңбексүйгіштігі, жауапкершілігі, қарапайымдылығы мен адамгершілігімен ауылдастарының құрметіне бөленген.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ ҮЛГІ

2006 жылы Серғазы Жұмашұлы «Жұмаш» шаруа қожалығын құрып, ауыл шаруашылығы өндірісін жаңа деңгейге көтерді. Қожалық дәнді дақылдар мен құнбағыс өсіру, мал азығын дайындау және мал шаруашылығын дамыту бағытында тұрақты әрі табысты жұмыс істеп келеді.

Өңірдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шаруашылық Семей қаласына ет өнімдерін тұрақты жеткізіп отырады. Бұл – кәсіптің ғана емес, азаматтың қоғам алдындағы жоғары жауапкершілігінің де айқын көрінісі.

Серғазы Жұмашұлының ауылдағы беделі кәсіпкерлік табыстарымен шектелмейді. Ол – қайырымдылық істерге әрдайым жанашырлық танытатын азамат. Шаруашылық аз қамтылған отбасылар мен жалғызбасты зейнеткерлерге жүйелі көмек көрсетіп, ауылдық округ пен аудан аумағында өтетін мәдени-спорттық және қоғамдық шаралардың белсенді демеушісі болып келеді. Оның тұрақты қолдауы ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға елеулі үлес қосып отыр.

Кемекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетуге әрдайым дайын Серғазы Жұмашұлы ауылдастарының сеніміне ие болған абыройлы жан. Қарапайым болмысы мен тынымсыз еңбегі ел іші тарапынан ерекше құрметке бөленуіне негіз болып отыр.

Мереке қарсаңында Серғазы Жұмашұлы Әлменев облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Бұл марапат – оның кәсіби шеберлігінің, туған жері үшін атқарған еңбегінің лайықты бағалануы.

Еңбегі еленген азаматтың табысты жолы – ауыл шаруашылығы саласына адал қызмет етудің, жауапкершілік пен адамгершілікті ту еткен еңбектің жарқын үлгісі.

Ш.АСАНҚЫЗЫ

АЯГӨЗДІҢ 10 КӨШЕСІНЕ АСФАЛЫТ ТӨСЕЛДІ

Аягөз қаласында 10 көшеге асфальт төселіп, жолдардың сапасын арттыруға басымдық берілді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында аудан әкімінің міндетін атқарушы Айбек Нұғымаров баяндады.

Биыл аудан бойынша жол инфрақұрылымын жақсартуға 2 млрд теңгеден астам қаражат бөлініп, 40 шақырым жол жөндеу жұмыстары іске асырылуда. «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Айғыз, Ақшатау, Баршатас және Тарбағатай ауылдарының көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар облыстық бюджет есебінен Ақшәулі–Мыңбұлақ–Нарын–Шығожа автомобиль жолының 15 шақырымдық учаскесінде орташа жөндеу жүргізілуде.

Бұдан бөлек, Ақтоғай–Перещеек бағытындағы 10 шақырымдық жолға ағымдағы шұңқырлы жөндеу жұмыстары атқарылып, Ақтоғай кентінде 2 мың текше метр шұңқыр қалпына келтірілді, - деді Айбек Нұғымаров.

Айбек Нұғымаров Аягөз қаласының ішінде де ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өтті. Қаладағы 10 көшеге асфальт төселіп, жолдардың сапасын арттыруға басымдық берілді. Сонымен бірге ішкі жолдарды тегістеу, шұңқырларды бітеу, жолақтарды сызу, жол белгілерін орнату және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған бағдарламалық жұмыстары толық орындалды.

Жылдың аяқталуына 1 ай қалуын және жергілікті бюджеттің мүмкіндігін ескере отырып, қосымша жобалар жоспарға енгізілді. Атап айтқанда, Тарлаулы ауылындағы ұзындығы 3,6 шақырымды құрайтын Н.Құнанбаев, Қ.Ахметов, Д.Жантасов, Ж.Қожабағанов және Н.Ибрайұлы көшелерін орташа жөндеуден өткізу үшін мемлекеттік сатып алу рәсімдері басталды. Сондай-ақ Қосағаш ауылындағы 3,1 шақырымдық Н.Әубәкіров, Шақантай Батыр, Р.Тілеуберлин, Т.Тілеуханов және Дос Әулие көшелерін орташа жөндеуге қаражат бөлініп, тиісті дайындық жұмыстары жүргізілуде, - деп атап өтті аудан әкімінің міндетін атқарушы.

«СТ» - ақпарат



КӨКПЕКТІ

ДЭУ-29: ЖАҢА ҒИМАРАТТАР ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

Көкпекті ауылында аудан жұртшылығы үшін ерекше қуанышты оқиға орын алды. Жол шаруашылығы саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан ДЭУ-29 мекемесінің жаңа ғимараттары салтанатты түрде пайдалануға берілді. Бұған дейін ұжым 1969 жылы салынған ескі ғимаратта жұмыс істеп келген болатын.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tañy»

Уақыт талабына сай тұрғызылған жаңа нысанның құрамында 8 жылы бокс пен заманауи әкімшілік ғимараты бар. Барлық бөлмелер толық жабдықталып, қызметкерлердің жайлы әрі тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік жасалған. Ашылу рәсіміне аудан әкімінің міндетін атқарушы Аслан Танысбаев, «Қазақавтожол» АҚ Абай облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Айдын Ескенов, аудандық мәслихат депутаты, «Асыл ана» ҚБ төрайымы Асыл Телешова, сала ардагерлері мен мекеме қызметкерлері қатысты. Құттықтау сөз сөйлеген азаматтар жаңа нысанның аудан инфрақұрылымын дамытудағы маңызын атап өтіп, мекеме ұжымына тілек білді.

ДЭУ-29 мекемесі республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау, қыста қар тазалау, жыл бойы жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету секілді аса жауапты міндеттерді атқарады. Бүгінгі таңда мекемеде 8 бірлік техника бар, 16 маман қызмет етеді. Ұжымға жол саласында көп жылғы тәжірибесімен, ұйымдастырушылық қабілетімен танылған, талай жолуашының алғысына бөленген білікті басшы Гүлдарай Закарьяқызы жетекшілік етеді. Жаңа



нысанның ашылуы ауданның жол инфрақұрылымын нығайтып қана қоймай, жұмыстың сапасын арттыруға да ықпал етпек. ДЭУ-29 ұжымы алдағы уақытта да аймақ халқының игілігі үшін аянбай еңбек ететіндерін жеткізді.

ҚАРЖЫ

ЖАҢА АТАУ - ЖАҢА ТАЛАП

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті 2025 жылғы 7 қарашада ресми қайта тіркеу рәсімін өтті. Бұл өзгеріске сәйкес, мекеме Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қазынашылық комитеті деп аталатын болды.

Жаңа атау 2025 жылғы 15 наурызда қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің (№171-VII) ережелерінде көрсетілген, комитет атауының өзгертілуі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2025 жылғы 3 қазандағы №565 бұйрығымен бекітілді.

Комитеттің жаңа атауы мемлекеттік қаржының сапалы басқарылуының жоғары мәні мен аса маңызды рөлін білдіреді. Өлемдегі шарықтаған жылдамдық пен орын алып жатқан геосаяси, әлеуметтік, экономикалық және тағы да сол сияқты көптеген ауқымды дағдарыстар кезінде, халықаралық аренада мемлекет ретінде өз тұрақты орнын алып қалып қана қоймай, бәсекекесті бәйгесінде көштің алдығын қатарында болуда мемлекеттік қаржының сапалы жұмсап басқару іс-әрекеті ерекше мағынаға ие болып тұр.

Мемлекеттік қаржының сапалы басқарылуы мен тиімді пайдалануы туралы шешімдер Президентіміздің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік

қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында айқын көрінісін.

Қазіргі таңда мемлекеттік қазынашылық органдары - бюджеттік кірістері мен шығыстары бойынша бақылауды жүзеге асыратын, еліміздің қаржылық саласының негізгі құрылымдарының бірі. Қазынашылық тек операциялық іс-әрекеттер болып табылатын, бюджет қаражатының мақсатты жұмсалыуына, оның жоспарлауына, тиімді басқарылуына ағымдағы бақылауды жүргізіп қана қоймай, сонымен қоса осы бюджеттік құбылыстарды реттейтін бюджеттік заңнаманы әзірлеуге белсене қатысады, сонымен қоса қаржылық процестердің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған реформаларды іске асырады.

«Заманың түлкі болса тазы боп шал, Заманың қасқыр болса, бүркіт боп ал» деген көнеден келе жатқан мағынасы терең сөз бар. Әрқашан да белсенділікке, іскерлікке, тапқырлық пен шапшаңдыққа, тың ой мен жаңа көзқарасқа, жалпы даму үшін қандай да іс-әрекет атқаруға ынталандыратын осы сөз қазіргі күн-

де де өміршеңдігін жоғалтқан жоқ. Осы сөздің дәлелі ретінде кейінгі кезде елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен жүзеге асырылып жатқан істерді айтуға болады. Мәселен, былғы Жолдау негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің құрылуы, жасанды интеллекттің заң тұрғысында реттейтін нормативтік құқықтық актілердің шығарылуы, экономиканың барлық саласына жасанды интеллект тетіктерін енгізуге бағытталған іс-әрекеттер. Бұл заманауи және ілгері бастамалардан Мемлекеттік қазынашылық органдары да тысқары қалмайтыны сөзсіз. Бүгінгі күні қазынашылық атқарып отырған адамның қабілетін, оның қатысуын талап ететін жұмыстар - үлкен көлемді ақпаратты жинау, сұрыптау, өңдеу, талдау, есептеу, дұрыс және жедел шешім қабылдау жақын болашақта осы жасанды интеллект элементтерін жүйелі жұмысқа енгізу арқылы атқарылатын болады. Өз кезегінде, аталған шаралар комитет қызметкерлерінен жоғары кәсіби дәрежедегі маман болуды, үнемі даму мен ізденісте болуды, қайратты болуды, жоғары жауапкершілікті талап етері даусыз.

М. МҰҚАШЕВ, Абай облысы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаменті басшысының орынбасары

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Жерек» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: «Жерек кен орнының тотыққан кендерді өңдеу зауытын, үйемелі шаймалау алаңын және өзге де өнеркәсіптік алаңдарды пайдалану» жобасына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары. Өсер ету аймағы: Абай облысы, Семей қаласы. Координаттар: 1. 50,16993° С, 80,02016° Ш; 2. 50,17291° С, 80,02252° Ш; 3. 50,16971° С, 80,03257° Ш; 4. 50,16460° С, 80,03056° Ш.

Қоғамдық тыңдаулар 09.01.2026 жылы сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Шұғаев көшесі, 4 өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us04web.zoom.us/j/76972198692?pwd=714YpSXLYXbE1xLXhL6HvLNjHdGSeA.1. Конференция идентификация нөмірі: 769 7219 8692, кіру коды: FU95yL. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша кезделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында https://ndbecology.gov.kz/, «қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі» бөлімінде танысуға болады, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекен-жайы: prirodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Ұсынған қызметтің бастамашысы: «Жерек» ЖШС, Абай облысы, Семей қаласы, Шұғаев көшесі, 4, тел: 8 (776) 293-22-43, E-mail: too@jerek.kz, BСН 020840000458.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен к., 070002, М. Горький к-сі, 21, BСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

ОҚУ ОРДАСЫНДА

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНЕН БАСТАЛАДЫ

Бүгінде Семей шаһарының қақ ортасындағы Шәкәрім университетінде «Білім берудің жоғары мектебі» жұмыс істейді. Бұл мектеп біз өзіміздің ең қымбат байлығымыз – балаларымызды сеніп тапсыратын адамдарды, яғни болашақ ұстаздарды, тәрбиешілер мен психологтерді дайындайды.

Бүгінгі таңда Білім берудің жоғары мектебінде тәжірибелі оқытушылар мен жас мамандар дәріс беретін екі мыңға жуық студенттер мен магистранттар білім алуда. Достар мен өзгерістің тоғысқан тұсында құрылған жаңа буын мектебін заманауи, шығармашыл декан, философия докторы, қауымдастырылған профессор Әсем Әленқызы Қасымова басқарады.

2025-2026 оқу жылында аталған мектепте бес кафедра жұмыс істеп жатыр: қазақ филологиясы кафедрасы, шетел және орыс тілдері кафедрасы, өнер кафедрасы, тарих кафедрасы, педагогика және психология кафедралары. Білім берудің жоғары мектебі өз өмірін балаларды оқыту мен тәрбиелеуге арнауға ұмтылған студенттерді біріктіреді. Олардың қатарында орта мектепті жақында ғана бітіргендермен қоса, колледж түлектері мен еңбек жолын бастап, оқуға қайта оралғандар бар.

Университет болашақ қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын және орыс тілі мұғалімдерін, тарихшыларды, бастауыш сынып мұғалімдерін, психологтерді, мектепке дейінгі білім беру мамандары мен бейнелеу өнері мұғалімдерін дайындайды. Оқуды бітіргеннен кейін түлектеріміз бакалавр дәрежесін алып, магистратура мен докторантурада оқуын жалғастыруға мүмкіндіктері бар.

Мұнда 100-ден астам маман дәріс береді. Олардың арасында ғылым докторлары, PhD докторлары, ғылым кандидаттары, магистрлер мен тәжірибелі әдіскерлер бар. Олар өз пәндерін біліп қана қоймай, болашақ мұғалімді қалай дайындау керектігін шынайы түсінетін нағыз өз ісінің майталмандары.

Білім беру жоғары мектебінің түлектері – зор құлшыныспен, жаңа көзқараспен жұмыс істейтін ең креативті жастар. Ең бастысы, олар мұғалім болу тек кәсіп қана емес, миссия екендігін жақсы түсінеді.

Шәкәрім университетінің Білім беру жоғары мектебі – бұл болашаққа деген сенімнің, жаңа мүмкіндіктердің жарқын көзі. Бұл ертеңгі күннің негізі қаланатын, жаңашыл идеялар туындап, жастардың бойына білім мен тәрбие ұялатын киелі орын. Дел осы қабырғалардан ертеңгі күні еліміздің білім саласын ілгерілететін білікті мамандар шығады. Олар – болашақ ұрпақтың тәрбиешісі, жаңа Қазақстанның жарқын болашағын құрушылар. Өйткені Жаңа Қазақстанның Жарқын болашағы осы жерден, осы білім ордасынан басталады!

Біздің мақсатымыз – әрбір студенттің бойына терең білім, ұлттық тәрбие, отансүйгіштік рухты сіңіріп, оларды еліміздің дамуына үлес қосатын, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу. Шәкәрім университетінің Білім беру жоғары мектебі – болашаққа деген сенім қалыптасатын, жаңа мүмкіндіктер бастау алатын орын.

Гайнигүл ИСМАЙЛОВА, Шәкәрім университетінің «Шет және орыс тілдері» кафедрасының профессоры, ф.ғ.к., профессор Клара ХАСЕНОВА, Шәкәрім университетінің «Экономика және қаржы» кафедрасының з.ғ.к.

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған. Директор - Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА Бас редактор - Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ Редактордың орынбасары - жауапты хатшы Роза ПУШПАҚОВА

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № К249VPU00121173, 05.06.2025 ж. Газет «АБАЙ АИМАҚ МЕДИА» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып-жару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады. Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді. Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады. Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында. Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08. Редакцияның мекенжайы: Ф18А5Н3, Семей қаласы, Қайым Мұхамеджанов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20820 Кезекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ

**ТОО «Schaefer Enterprises»**

Республика Казахстан, 070000,

БИН 140740020433

г. Усть-Каменогорск, пр. Каныша Сатпаева, 26 - 4

## **ЭФИРНАЯ СПРАВКА № 14 от 28.11.2025**

к Договору № 03/25 от 11.02.2025

**ЗАКАЗЧИК:** ТОО «Legal Ecology Concept»

**ИСПОЛНИТЕЛЬ:** ТОО «Schaefer Enterprises»

**Рекламные услуги:** размещение объявления в бегущую строку на телеканале «ALTAI»

**Текст:** «Жерек» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: "Жерек кен орнының тотыққан кендерді өңдеу зауытын, үймелі шаймалау алаңын және өзге де өнеркәсіптік алаңдарды пайдалану" әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Семей қаласы. Координаттар: 1. 50,16993° С, 80,02016° Ш; 2. 50,17291° С, 80,02252° Ш; 3. 50,16971° С, 80,03257° Ш; 4. 50,16460° С, 80,03056° Ш. Қоғамдық тыңдаулар 18.12.2025 жылы сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Шұғаев көшесі, 4 өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/76972198692?pwd=7I4YpSXYLXbE1xLXHL6HvLNjHdgSea.1>.

Конференция идентификаторы: 769 7219 8692, кіру коды: FU95yL. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады. Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда <https://ndbecology.gov.kz/>, "қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі" бөлімі танысуға болады, сондай-ақ "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайтында [e-priroda.gov.kz](http://e-priroda.gov.kz) "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекен-жайы: [prirodnyye-resursy-obl.abay@mail.ru](mailto:prirodnyye-resursy-obl.abay@mail.ru). Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады. Ұсынылған қызметтің бастамашысы: "Жерек" ЖШС, Абай облысы, Семей қаласы, Шұғаев көшесі, 4, тел.: 8 (776) 293-22-43, Е-mail: [too@jerek.kz](mailto:too@jerek.kz), БСН 020840000458. Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: "Legal Ecology Concept" ЖШС, Өскемен қ., 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, е-mail: [toolec21@gmail.com](mailto:toolec21@gmail.com). Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: [toolec21@gmail.com](mailto:toolec21@gmail.com) және тел.: +7 (777) 414-90-10. Лицензия №02943Р 25.07.2025 жылы «ҚР экология және табиғи ресурстар министірлігі» ММ берілді.

ТОО «Жерек», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания. Наименование проектной документации: материалы документов для получения экологического разрешения на воздействие к проекту «Эксплуатация перерабатывающего завода окисленных руд, площадки кучного выщелачивания и прочих промышленных площадок месторождения Жерек». Территория воздействия: область Абай, г. Семей. Координаты: 1. 50,16993° С, 80,02016° В; 2. 50,17291° С, 80,02252° В; 3. 50,16971° С, 80,03257° В; 4. 50,16460° С, 80,03056° В. Общественные слушания состоятся 18.12.2025 года в 11:00 часов по адресу: Республика Казахстан, область Абай, г. Семей, ул. Шугаева, 4. Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи на платформе ZOOM). Для участия в общественных слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/76972198692?pwd=7I4YpSXYLXbE1xLXHL6HvLNjHdgSea.1>.

Идентификатор конференции: 769 7219 8692, код доступа: FU95yL. Регистрация начинается за 15 минут до начала обсуждения. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале

«Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://ndbecology.gov.kz/>, раздел «Календарь общественных слушаний», а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» [e-priroda.gov.kz](http://priroda.gov.kz) в разделе «Общественные слушания»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов», а также по адресу: г. Семей, ул. Турлыханова, 30, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел.: 8 (7222) 35-44-32. Электронный адрес: [prirodnyye-resursy-obl.abay@mail.ru](mailto:prirodnyye-resursy-obl.abay@mail.ru). Согласно Правилам проведения общественных слушаний срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Жерек», область Абай, г. Семей, ул. Шугаева, 4, тел.: 8 (776) 293-22-43, E-mail: [too@jerek.kz](mailto:too@jerek.kz), БИН 020840000458. Разработчик проектной документации: ТОО «Legal Ecology Concept», г. Усть-Каменогорск, 070002, ул. М. Горького, 21, БИН: 211040029201, тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: [toolec21@gmail.com](mailto:toolec21@gmail.com). Дополнительную информацию можно получить по адресу электронной почты: [toolec21@gmail.com](mailto:toolec21@gmail.com) и тел.: +7 (777) 414-90-10. Лицензия №02943Р от 25.07.2025 года выдана ГУ «Министерство экологии и природных ресурсов РК».

Дата выхода: 28 ноября 2025 г.

Сумма: 99 800 (девяносто девять тысяч восемьсот) тенге

Исполнитель:

ТОО «Schaefer Enterprises»



/Директор / Потешкина А.В./

Заказчик:

ТОО «Legal Ecology Concept»

/Директор / Мустафаева С.И./

#### Қаржы түрмалар

«Жерге ЖПС Қазақстан Республикасының Экологиялық қолқалық талаптарына сәйкес алып келетін түрде қолданып тұрған аумақтардың тізімін жасауға, Жобаның құрастырылуы туралы Жерге мен ортаның талаптарына сәйкес аумақтар, ұйымның қайтадан алынған және ерте де өсірілетін аумақтарды анықтау» деп аталатын аумақтардың алу үшін қаржы түрмалары. Бұл аумақтар: Абай облысы, Семей қаласы. Координаттары: 1. 50,16991° С, 80,02016° Ш; 2. 50,17291° С, 80,02252° Ш; 3. 50,16971° С, 80,02377° Ш; 4. 50,16440° С, 80,03056° Ш.

Қолданып тұрған аумақтар 09.01.2026 жылғы еліміздің 1108-да Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Шұғыл көрсе, 4 отбасы Қаржы түрмалары қатысу үшін мына сілтеме бойынша оту қағазы: <http://eicb4web.zoopt.uzj76972194692/?pwd=784YpSXVYLXHE1M1XN10H1N1H1d56a1>.

Конференция идентификациясы: 769 7219 8692, Абу нұсқа: FU95YU. Түрде талаптар, бастапқы аймақ 15 минут бұрын басталады. Қолданып тұрған аумақтар бойынша қолданып тұрған аумақтар бастапқы аумақтар бойынша қаржы түрмалары.

Жобаның құрастырылуына қатысуға «Жерге» орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Уағдалас деректер біздің жерінде <http://abai.gov.kz>, "Қолданып тұрған аумақтар" бойынша талаптар бойынша, сондай-ақ "Абай" облысында табиғи ресурстар және табиғат пайдалануы ретінде басқарылуы" ММ ЖАО сайтында <http://www.gov.kz/abai/eket/abai/abai/abai/>.

Барлық сұрағулар және / немесе ұсыныстар «Жерге» орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Уағдалас деректер біздің жерінде, сондай-ақ Семей қаласы, Шұғыл көрсе, 4, «Абай» облысында табиғи ресурстар және табиғат пайдалануы ретінде басқарылуы" ММ, тел. нөмірлері талаптар отырыстың күште деңгейі, жеріне күйіне қатысты мерзіміне қабалдығы: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекен-жайы: [reg@abai.gov.kz](mailto:reg@abai.gov.kz).

Қолданып тұрған аумақтар отыру қағаздарына сәйкес аумақтардың алу үшін мерзіміне қатысты талаптарға қатысушылардың анықталуы бойынша қатарына бәсе жеріне күйіне деңгейіне қатысты.

Усынағанда қатысушының: "Жерге" ЖПС, Абай облысы, Семей қаласы, Шұғыл көрсе, 4, тел. нөмірі: 8 (776) 293-22-43, Е-пошта: [toec21@gmail.com](mailto:toec21@gmail.com).  
Жобаның құрастырылуына қатысушы: "Legal Ecology Concept" ЖПС, Семей қ., 070002, М. Горький көшесі, 21, БСН: 211640029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: [toec21@gmail.com](mailto:toec21@gmail.com).

Қолданып тұрған аумақтар электрондық пошта арқылы алуға болады: [toec21@gmail.com](mailto:toec21@gmail.com) және тел. нөмірі: +7 (777) 414-90-10.

#### Уағдалас жазбалар

ТОО «Жерге», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания. Наименование проектов документально оформленные материалы документов для получения экологического разрешения на возведение и эксплуатацию перерабатывающего завода окисления руд, включая изучение выделенных и прочих промышленных площадок микрорайона Жерге. Территория возведения: область Абай, г. Семей. Координаты: 1. 50,16991° С, 80,02016° Ш; 2. 50,17291° С, 80,02252° Ш; 3. 50,16971° С, 80,02377° Ш; 4. 50,16440° С, 80,03056° Ш.

Общественные слушания состоятся 09.01.2026 года в 11:00 часов по адресу: Республика Казахстан, область Абай, г. Семей, ул. Шұғыл, 4. Общественные слушания проводятся в онлайн-формате (открытого собрания) в электронном формате на платформе ZOOM. Для участия в общественных слушаниях необходимо пройти по ссылке: <http://eicb4web.zoopt.uzj76972194692/?pwd=784YpSXVYLXHE1M1XN10H1N1H1d56a1>.

Идентификатор конференции: 769 7219 8692, код доступа: FU95YU. Регистрация начинается за 15 минут до начала обсуждения.

С пакета проектной документации можно ознакомиться на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды в природно-ресурсной области» <http://abai.gov.kz>, раздел «Объекты окружающей среды», а также сайте ММ ЖАО «Управление природными ресурсами и регулирование природопользования области Абай» <http://www.gov.kz/abai/eket/abai/abai/abai/> и разделе «Общественные слушания» <http://www.gov.kz/abai/eket/abai/abai/abai/>.

Все заявления (обла) предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды в природно-ресурсной области» <http://abai.gov.kz>, в том же по адресу: г. Семей, ул. Шұғыл, 4, тел. нөмірі: 8 (776) 293-22-43, Е-пошта: [toec21@gmail.com](mailto:toec21@gmail.com).

Согласно Правил проведения общественных слушаний срок проведения открытого собрания продлевается до даты предоставления рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Надзорщик национальной деятельности: ТОО «Жерге», область Абай, г. Семей, ул. Шұғыл, 4, тел. нөмірі: 8 (776) 293-22-43, Е-пошта: [toec21@gmail.com](mailto:toec21@gmail.com), БИН 02084000458.  
